

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**БІРІКТІРІЛГЕН СЫНЫПТАРЫ БАР ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ
МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2023

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 12 мамыр №3 хаттамасының шешімімен баспаға ұсынылды

«Біріктірілген сыныптары бар шағын жинақты мектептерде оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар». – Астана қ.: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 143 б.

Әдістемелік ұсынымдар біріктірілген сыныптары бар шағын жинақты мектептерде білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік қолдау көрсету үшін әзірленген.

Әдістемелік ұсынымдар облыстық, аудандық білім басқармаларының/бөлімдерінің әдіскерлеріне, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша біріктірілген сыныптары бар шағын жинақты ауыл мектептерінің басшылары мен педагогтеріне қызмет барысында басшылыққа алуға ұсынылады.

КІРІСПЕ

Шағын жинақты мектеп ауыл мектебінің бір бөлігі. Шағын жинақты мектептердің басты ерекшелігі білім алушы санының аздығына қарай мектептердегі білім алушылардың біріктірілген сыныптарда білім алуында туындайтын қиындықтар. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 6 мамырдағы «Халықтың тығыздығына және елді мекендердің қашықтығына қарай білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін бекіту туралы» № 185 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жалпы саны әрбір ауылдық елді мекенде:

1) мектепалды жасындағы адамдардың саны 5 және одан көп болғанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымның жұмыс істеуіне кепілдік беріледі;

2) кіші мектеп жасындағы адамдардың саны 5 және одан көп болғанда, мемлекеттік бастауыш білім беретін ұйымның жұмыс істеуіне кепілдік беріледі;

3) кіші және орта мектеп жасындағы адамдардың саны 41 және одан көп болғанда, мемлекеттік негізгі орта білім беретін ұйымның жұмыс істеуіне кепілдік беріледі;

4) кіші, орта және жоғары мектеп жасындағы адамдардың саны 81 және одан көп болғанда, мемлекеттік жалпы орта білім беретін ұйымның жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

Тиісті жалпы білім беретін мектептері жоқ елді мекендерде тұратын 10 және одан да көп білім алушы болған жағдайда мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер жанындағы интернаттардың жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

Аз тұрғыны бар елді мекендерде тұратын білім алушылардың контингенті 150 және одан көп болған жағдайда ашылатын мемлекеттік мектеп-интернаттардың жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

Көрсетілген нормативтер білім беру ұйымдары мектепалды және мектеп жасындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылар тұрақты тұратын елді мекендерден 3 километрден астам қашықтықта болған кезде белгіленеді.

Елдімекендердің арасында табиғи кедергілер (өзендер, көлдер) болған жағдайда мұндай білім беру ұйымдары бір-бірінен аз арақашықтықта құрылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м. а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №614 бұйрығында шағын жинақты ауыл мектептерінде білім беру процесін ұйымдастыру жолдары берілген.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Мемлекеттік ұйымдар Педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы» № 191 бұйрығында шағын жинақты ауыл мектептерінің біріктірілген сыныптарда сабақ өткізетін педагогтерге еңбекақы төлеу мәселесі көрсетілген.

Шағын жинақты мектептердің ерекшелігін анықтайтын көптеген факторлардың ішінде әлеуметтік-педагогикалық топ ерекшеленеді: шағын жинақылық; мектеп шағын ауданының бөлінуі; сыныптардың толымдылығының аздығы; мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелердің болмауы және т.б.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес білім беру мақсаты мен міндеттері білім алушыларды әлемдік даму деңгейіне сәйкес келетін белгілі бір біліммен қаруландыруды көздейді. Осы орайда шағын жинақты мектеп мұғалімдері білім алушылардың жеке бас ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерінің бар мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Ол үшін бір сабақтың үстінде педагог әртүрлі жастағы, ой өрісі мен білім дәрежесі әртүрлі білім алушылармен жұмыс жүргізеді, сондықтан ол балалардың психологиясын жақсы білуі тиіс.

Оқытудың әдіс-тәсілдері көп болғандықтан, шағын жинақты мектепте қолдануға болатын бірқатар әдістерге сипаттама берілді.

1. БІРІКТІРІЛГЕН СЫНЫПТАРЫ БАР ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕГІ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ

Ауыл – қазақ халқының ұлттық негізінің мәйегі, тіл, салт-дәстүр, мемлекет іргетасының қалыптасуы мен дамуының алтын бесігі болса, ауыл мектебі – білім алушылардың жүрегінде үміт отын жағып, болашаққа деген сенімін ұялатқан білім мен мәдениеттің орталығы, ел бірлігінің алтын қазығы іспетті. Бүгінгі таңда қаймағы бұзылмаған ұлттық тәлім мен тәрбиенің қара шаңырағына айналған ауыл мектебінің қордаланған мәселелері барын айтпаса да белгілі.

Негізгі мәселе ретінде – ауыл мектептері білім алушылары білім сапасының төмендігі, педагог кадрлардың жетіспеушілігі мен біліктілігін арттыру мәселесі қарастырылады.

Тарихқа жүгінсек, еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері ауыл проблемаларымен қатар ауылдағы шағын жинақты мектептердің проблемалары бірге қарқындап келе жатқаны анық.

1991 жылы тәуелсіздікпен бірге елдегі өзге ұлттардың (неміс, орыс, украиндер және т.б.) тарихи Отанына көшу белең ала бастап, елдегі эмиграция шағын жинақты мектептердің статистикасына әсерін тигізді.

1995 жылы Қазақстанда ішкі миграция жүріп, елдегі колхоз, совхоздар таратылып, ауылдарда жұмыссыздық белең алды.

1997 жылы «Қазақстан Темір жолы» Ұлттық компаниясының құрамынан ҚР БҒМ-ның құрамына ауыстырылды.

2007 жылы елде урбанизация басталды. Бұл кезеңде ауыл халқының көпшілігі қалаға көшіп, ішкі көші-қон процестерін тудырды. Осының нәтижесінде бір кездері тығыз қоныстанған ауылдар бос қалып, білім алушыларсыз қалған мектептер жабыла бастады.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, АҚШ, Австралия, Канада мен Польшада ШЖМ мұғалімінің жалақысы қала мектептері мұғалімдерінің жалақысынан 2 есе жоғары. Қашықтан оқыту технологиясы кеңінен қолданылады.

АҚШ пен Финляндияда Интернаттар жоқ, тасымалдау жолға қойылған. Алайда бұл елдерде білім алушы уақытының көп бөлігі жолға кететіні белгілі.

Австралия мен Швецияда мектептердің кластерлік механизмі (үлкен мектептер – хаб) қарастырылған.

Норвегияда ШЖМ-ның жартысы біріктірілген сыныптардан тұрады.

Ресейде ШЖМ-ны жан басына қаржыландыру тиімсіздігі анықталған. Сонымен қатар бастауыш ШЖМ-ны типтерге бөліп қарастырады.

Украинада ШЖМ мұғаліміне ставкалы жүктеме төленеді, жалақысы 2 есе жоғары және мектепті жабу тек ата-ананың келісімімен жүзеге асырылады.

Қазіргі таңдағы шағын жинақты мектептердің мәселелері

➤ Білім алушылар санының аздығына байланысты шағын жинақты мектептің өздігінен дами алмауы және дамуға мүмкіндіктің жоқтығы

➤ Шағын жинақты мектептердің инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базасының назардан тыс қалуы

- Шағын жинақты мектептердегі педагогтердің сапалық құрамының төмендігі
- Біріктірілген сыныптарда оқытудың қиындығы мен оқу-әдістемелік материалдардың аздығы
- ШЖМ педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курсының жеткіліксіздігі
- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жабдықталмауы, қашықтан оқытудың ұйымдастырылмауы немесе құралдардың жеткіліксіздігі және тағы да басқа мәселелер.

Шағын жинақты мектептердегі ағымдағы жағдай

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» Ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығының» 2023 жылы әзірлеген «Қазақстанның білім статистикасы» Ұлттық жинағының негізінде 2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдарының саны – 7687 болса, ондағы ауылдық жердегі мектептер саны – 5260, яғни 68 %-ы ауылдық мектептер болып саналады.

Жалпы Республика бойынша барлығы 3 709 637 білім алушы тіркелсе, оның 1 542 871-і ауылдық жердегі мектептерде білім алатындар. Яғни, 42 % білім алушы ауыл мектептерінде оқиды.

2018-2023 (5 жылда) – **164** шағын жинақты ауыл мектептері жабылған.

Шағын жинақты мектептердің жабылу мәселесі де өзекті мәселе. Ұлттық білім беру деректер қорының мәліметтері бойынша, қазіргі уақытта 2670 ауылдық жерде мектеп жоқ. Ол ауылдарда – 436 439 тұрғын тұрады. Мектеп жасындағы білім алушылар саны – 62 292. Мектеп жанындағы интернаттарда тұрып оқитын білім алушылар саны – 4742. Күнделікті тасымалданатын білім алушылар саны – 47821. Туысқандарында тұратындары – 148. Өздігінен тасымалданатыны – 963.

2022-2023 оқу жылында ауылдық шағын жинақты мектептердің 1318-інде біріктірілген сыныптары бары анықталып отыр. Біріктірілген сыныптары бар мектептерде 595 645 білім алушы білім алады.

Шағын жинақты ауыл мектептерінің ақпараттандыру мәселесінде, мектептерде оқу үрдісінде қолданылатын компьютерлік техниканың жалпы саны – 93 743. Ондағы есептен шығарылған компьютерлердің саны – 13 105 (14%). Шағын жинақты мектептерде 1 компьютерге 2 білім алушыдан келеді. Ақпараттандыру мәселесінде мектептердің интернет жылдамдығы 4 Мбит/секундқа дейінгісі 683 мектеп болса, 4 Мбит/секундтан жоғарысы 2036 мектеп. Яғни, бұл цифрлар да білім сапасының өсуіне кері әсерін тигізеді сөзсіз.

Мектептердегі интернет жылдамдығының төмендігі шағын жинақты мектеп білім алушысының сапалы білім алуына өзіндік әсерін тигізеді анық. Сондықтан мектептерде интернет жылдамдығының сапасын жақсартқан маңызды. Білім бәсекесіне қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде басымдық білім сапасымен өлшенетіні белгілі. Ал білім сапасының көрсеткіші халықаралық деңгейде зерттеледі. Зерттеулердің барлығы онлайн форматта жүргізілгендіктен, ауыл мектептерінің білім алушылары цифрлы сауатты болуы қажет.

2018 жылғы «Ақпараттық талдау орталығының» зерттеулеріне сүйенсек, білім сапасы жағынан қала мектептеріндегі білім алушылар ауыл мектептеріндегі білім алушыларға қарағанда едәуір алда екені белгілі болды.

Ауылдық мектеп білім алушыларының оқу нәтижелері қалалық қатарластарына қарағанда оқу сауаттылығы бойынша – 37 балға, математикалық сауаттылық бойынша – 22 балға, жаратылыстану – ғылыми сауаттылықтары бойынша – 23 балға төмен болып, ал компьютерлік сауаттылық бойынша қала білім алушылары ауылдық қатарластарынан 70 балға жоғары екенін көрсетті.

Ауыл мектептерінің ішінде шағын жинақты мектептер мәселесін шешуде бүгінгі күні Министрлік тарапынан ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Шағын жинақты мектеп – білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп болып саналады.

2023 жылғы мәліметтер бойынша елімізде 2722 шағын жинақты мектеп тіркелген. Шағын жинақты мектептердің 28-і қалалық жерде орналасса, 2694-і ауылдық жерлерде орналасқан.

Бастауыш шағын жинақты мектептер, яғни бала санының аздығына байланысты тек бастауыш сыныптар ғана оқитын мектептер саны – 468. Оның 5-і қалалық жерде болса, 463-і ауылдық жердегі бастауыш шағын жинақты мектептер. Тұрғындарының саны аз әрбір елді мекенде бастауыш ШЖМ білім алушылардың саны 5-тен 40 адамға дейінгі мектептер есептеледі. Бастауыш шағын жинақты мектептерде 5391 білім алушы білім алады. Оның 162-сі қалалық шағын жинақты бастауыш мектептерде білім алса, 5229-ы ауылдық шағын жинақты мектептерде білім алады.

Негізгі орта білім беретін шағын жинақты мектептер саны – 786 мектеп. Оның қалалық жерде орналасқаны – 9 болса, ауылдық жердегісі – 777. Негізі ШЖМ болып білім алушылардың саны 41-ден 80 адамға дейінгі мектептер есептеледі. Негізгі орта шағын жинақты мектептерде 31673 білім алушы білім алады. Оның 400-і қалалық шағын жинақты мектептерде білім алса, 31 273-і ауылдық жердегі шағын жинақты мектептердің білім алушылары.

Жалпы білім беретін мектептер саны – 1468. Оның қалалық жерде – 14-і және 1454-і ауылдық жердегі мектептер. Жалпы орта білім беретін шағын жинақты мектептер болып білім алушылардың саны 81-ден 180 адамға дейін болған жағдайда жұмыс істейді. Жалпы білім беретін шағын жинақты мектептерде 153 345 білім алушы білім алады. Оның 1945-і қалалық жердегі мектептердің білім алушылары болса, 151 400-і ауылдық шағын жинақты мектептердің білім алушылары.

Қазіргі таңда шағын жинақты ауылдық мектептерде 190 409 білім алушы білім алады. Оның қалалық жерде орналасқан шағын жинақты мектептерінде 2507, ал ауылдық жерде білім алатын білім алушылар саны 187 902.

Бүгінде ауылдық мектептердің жағдайын жақсарту үшін оларды тірек мектептеріне бекіту. Тірек мектеп (ресурс орталығы) деп – шағын жинақталған мектеп білім алушыларының сапалы білім алуын қамтамасыз ету мақсатында қысқа мерзімді сессиялық сабақтарды, аралық әрі қорытынды аттестаттауды

өткізу үшін базасында таяу маңдағы шағын жинақталған мектептердің білім беру ресурстары шоғырланатын жалпы орта білім беру ұйымы саналады.

Қазіргі күні елімізде 190 тірек мектебі жұмыс жасап тұр. Оның 31-і интернатпен жабдықталған және 93 мектепке білім алушылар тасымалданып оқытылады.

2722 шағын жинақты мектептің қазақ тілінде білім беретін мектептері 1568 мектеп, орыс тілінде білім беретіні 643 және аралас тілде білім беретіні 511 мектеп.

Шағын жинақты мектептерде 29 269 сынып бар. Оның біріктірмей оқытатын сыныптары – 26 586 болса, біріктірілген сыныптар саны 2683. Оның бастауыш білім беру деңгейінде (1-4-сыныбында) 1307 сынып, негізгі орта білім беру деңгейінде (5-9-сыныптар) 1301 және жалпы орта (10-11-сыныбында) білім беру деңгейінде 75 сынып біріктіріп оқытылады.

Қазақ тілінде оқытылатын шағын жинақты мектептердегі біріктірілген сыныптардағы білім алушы саны – 13 829. Оның ішінде қазақ тілінде білім алатыны – 8281. Бастауыш білім беру деңгейінде 5324, негізгі орта білім беру деңгейінде 8000 және жалпы орта білім беру деңгейінде 505 білім алушы білім алады.

Әрине біріктірілген сыныптардағы оқыту мәселесін де білім сапасының төмен болуына әсер ететін факторлардың бірі деп қарауға болады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Мемлекеттік ұйымдар Педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы» № 191 бұйрығы негізінде: «Шағын жинақты жалпы білім беретін мектептердің педагогтерінің жалақысы педагогикалық жұмыстың бір аптадағы нақты оқу жүктемесі үшін есептеледі, бірақ сынып-жиынтыққа кіретін басқа сыныптармен салыстырғанда оқу уақытының ең көп көлемі көрсетілген сынып-жиынтыққа кіретін сыныптың оқу жоспарында көзделгеннен жоғары емес.

Бір мұғалімге бір жарым ауысымдағы жұмысы үшін жалақы білім алушылардың жалпы контингенті 20 адамға дейін екі бастауыш сынып, алушылардың жалпы контингенті 15 адамға дейін үш бастауыш сынып, білім алушылардың жалпы контингенті 10 адамға дейін төрт бастауыш сынып болған кезде білім алушылар біріктірілетін сынып-жиынтығы бар оқу жоспары бойынша оқу уақытының көлеміне байланысты есептеледі.

Егер екі бастауыш сыныптағы білім алушылар саны 20 және одан да көп адамды құраса, әрбір мұғалімге жеке сыныппен жұмыс істегені үшін жалақы есептеледі.

Егер білім алушылардың саны 15 немесе одан да көп болса, үш бастауыш сынып біріктірілгенде, 10 және одан да көп адам санымен төрт бастауыш сыныптарды біріктірген кезде мұғалімге жалақы әрбір сынып-жиынтыққа есептеледі.

Шағын жинақты мектептердегі педагогтердің саны – 50 765. Оның жоғары оқу орнынан кейінгісі – 954. Жоғары білімдісі – 41 816, техникалық және кәсіптік білімі бары – 7994 және жалпы орта білімі бары – 1.

Жоғары санаттысы – 1314, I санаттысы – 3114, II санаттысы – 2837, педагогтер – 15 631, «педагог-шеберлер» - 83, «педагог-зерттеуші» – 5448, «педагог-сарапшы» – 12 041 және «педагог-модератор» – 10 297.

Шағын жинақты мектептердің типтік ғимаратында – 1825. Осы мектептерде – 153 602 білім алушы білім алады. Бейімделген ғимараттағы шағын жинақты мектептер – 897. Ондағы білім алушылар саны – 36 807. Апатты ғимараттарда орналасқан шағын жинақты мектептер саны – 21. Бұл мектептерде – 1684 білім алушы білім алады. Күрделі жөндеуді қажет ететін мектептер саны – 136. Бұл мектептерде 11 980 білім алушы білім алып жатыр.

Шағын жинақты ауыл мектептерінің педагогтері мен білім алушыларын қолдау, ауылдық жердегі мектептердегі білім сапасын арттыру мақсатында нормативтік құқықтық актілеріне өзгерту енгізу қажеттілігі бар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» №77 Қаулысының 2. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары тарауында магнитті мектептердің штаттық кестесінде «сынып жинақтауыштары мен топтардың саны» бойынша емес, магнитті мектептер білім алушыларының санына қарай штаттық кестені қайта қарастыруды ұсынылады.

«Онлайн педагог» лауазымын қарастыру және оның жұмысына үстемақы төлеу мәселесінде «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» № 1193 қаулысының» 4-қосымшасы «Білім беру саласындағы азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар» тарауының 5-ші «Деңгейлі біліктілікті арттырудан өткен және тиісті деңгейдегі бағдарлама бойынша сертификат алған бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының:

бірінші (ілгері) деңгейдегі;

екінші (негізгі) деңгейдегі;

үшінші (базалық) деңгейдегі мұғалімдеріне» пунктін басшылыққа алып, біліктілік арттыру курстарын ұйымдастыру және қаражат төлеу мәселесін қарастыру ұсынылады.

Ауыл мектептері мен шағын жинақты мектептерді дамыту мәселесінде алдағы уақытта бірнеше нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтыру қажеттігі ұсынылып отыр.

Атап айтар болсақ:

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы N 77 Қаулысына» және «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты

есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» № 1193 қаулысына», сонымен қатар «Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 Заңына» және басқа да нормативтік актілерге өзгерістер енгізу ұсынылады.

Ауыл мектептерінің оның ішінде шағын жинақты мектептерде білім сапасын көтеру үшін Министрлік тарапынан біршама іс-шаралар атқарылып жатыр. Солардың бірі – білім саласын цифрландыру мәселесі.

Мектепті цифрландыру дербес процесс ретінде, сондай-ақ білім беру жүйесін цифрландыру процесінің бөлігі ретінде білім беру жүйесін жаңғыртумен байланысты жүзеге асырылады.

Сондықтан да ауыл мектептері мен шағын жинақты мектептер үшін 2023-2024 оқу жылында «Ауыл мектептерінде сапалы білімді қолжетімді ету» жобасын енгізу жоспарланып отыр.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» Ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ әзірлеген «Қазақстанның білім статистикасы» Ұлттық жинағы «Жалпы орта білім беру» тарауында шағын жинақты мектептердегі ақпараттандыру мәселесі бойынша мәлімет келесі суретте берілген.

1-сурет. Шағын жинақты мектептерді ақпараттандыру бойынша мәлімет

2.2.56 ЖАО ведомстволық бағынысты шағын жинақты мектептердің ақпараттандырылуы туралы мәліметтер
Сведения об информатизации малокомплектных школ, подведомственных МНО

Аймақ / Регион	мектептерде оқу үрдісінде қолданылатын компьютерлік техниканың жалпы саны / общее количество компьютерной техники в школах, используемой в учебном процессе	есептен шығарылған компьютерлердің саны / количество списанных компьютеров	1 компьютерге келетін оқушылардың саны / количество учащихся на 1 компьютер	интерактивтік тақталардың саны, бірлік / количество интерактивных досок, ед.	лингфондық және мультимедиялық кабинеттердің саны / общее количество лингфонных и мультимедийных кабинетов	интернетке кіру мүмкіндігі бар мектептердің саны / количество школ, имеющих доступ к интернету	оның ішінде жылдамдығы 4 Мбит/с дейін интернет желісіне қосылған мектептердің саны / из них количество школ, подключенных к сети интернет со скоростью до 4 Мбит/с		оның ішінде жылдамдығы 4 Мбит / с жоғары интернетке қосылған мектептердің саны / из них количество школ, подключенных к интернету со скоростью выше 4 Мбит/с	
							683	2 719	2 836	
ҚР / РК	93 743	13 105	2	6 577	659	2 719	683	2 719	2 836	
Абай / Абай	6 958	616	2	430	49	149	102	149	47	
Ақмола / Ақмолинская	11 491	561	2	686	93	352	11	352	341	
Ақтөбе / Актюбинская	6 451	568	2	366	32	204	62	204	142	
Алматы / Алматинская	3 042	455	2	143	19	80	18	80	62	
Атырау / Атырауская	1 302	152	1	95	11	27	7	27	20	
БКО / ЗКО	6 735	798	2	1 102	24	217	38	217	179	
Жамбыл / Жамбылская	4 806	837	2	389	24	128	15	128	113	
Жетісу / Жетісу	6 335	1 216	2	276	29	150	52	150	98	
Қарағанды / Карагандинская	5 515	656	2	358	41	166	68	166	98	
Қостанай / Костанайская	8 754	1 926	2	574	78	295	24	295	271	
Қызылорда / Кызылординская	658	49	2	58	1	14	3	14	11	
Маңғыстау / Мангиставская	425	21	2	47	1	10	0	10	10	
Павлодар / Павлодарская	8 667	747	2	463	35	212	2	212	210	
СҚО / СКО	10 757	1 668	2	693	111	352	61	352	291	
Түркістан / Туркестанская	3 623	550	3	204	29	132	67	132	65	
Ұлытау / Улытау	1 258	500	2	111	10	35	13	35	22	
ШҚО / ВКО	6 966	1 785	2	582	72	196	140	196	56	
Астана қ. / г. Астана	0	0	0	0	0	0	0	0	0	
Алматы қ. / г. Алматы	0	0	0	0	0	0	0	0	0	
Шымкент қ. / г. Шымкент	0	0	0	0	0	0	0	0	0	

Дереккөз: ҰБДҚ деректері
Источник: данные НОБД

Суреттен көріп отырғанымыздай, шағын жинақты мектептерде – 93 743 компьютерлік техника бар. Оның 13105-і (14%) есептен шығарылған. 1 компьютерге келетін білім алушы саны – 2. Мектептердегі интерактивті тақталардың саны – 6877. Лингфондық және мультимедиялық кабинеттердің саны – 659. Интернетке кіру мүмкіндігі бар мектептер саны – 2719. Оның ішінде 4 Мбит/с дейін 683 мектеп, яғни 25 % мектептің сапалы білім алуда қиындық туындауы мүмкін. 2036 мектептің интернет жылдамдығы 4 Мбит/с.-дан жоғары екені анық болды. Интернет жылдамдығының қолжетімді болуы ауыл мектебі білім алушыларының, оның ішінде шағын жинақты мектептердегі біріктірілген сынып мәселесін шешуде септігін тигізеді анық. Шағын жинақты мектептердің интернет жылдамдығы бойынша ақпарат келесі суретте берілген.

2-сурет. Шағын жинақты мектептердегі интернет жылдамдығы бойынша мәлімет

2.2.57 ЖАО ведомстволық бағынысты шағын жинақты мектептер / интернет жылдамдығы
Количество малокомплектных школ, подведомственных МИО / скорость интернета

бірлік

единица

Аймақ / Регион	интернет жылдамдығы/ скорость интернета													
	<512 кбит/с	512 кбит/с	1 Мбит/с	2 Мбит/с	3 Мбит/с	4 Мбит/с	5 Мбит/с	6 Мбит/с	7 Мбит/с	8 Мбит/с	9 Мбит/с	10 Мбит/с	>10 Мбит/с	>20 Мбит/с
ҚР / РК	6	10	13	12	6	636	11	8	5	747	6	623	411	225
Абай / Абай	0	0	0	0	0	11	1	4	0	198	0	43	82	13
Ақмола / Ақмолинская	0	0	0	0	0	62	1	0	0	29	0	47	33	32
Ақтөбе / Актюбинская	0	0	0	0	0	18	0	0	0	7	0	2	20	33
Алматы / Алматинская	0	0	0	4	0	3	1	0	0	4	0	6	6	3
Атырау / Атырауская	0	0	0	0	0	15	0	0	0	5	0	67	27	14
БКО / ЗКО	0	0	0	0	0	38	0	0	0	57	0	78	19	25
Жамбыл / Жамбылская	0	0	0	0	0	68	0	0	0	54	1	19	8	16
Жетісу / Жетісу	0	1	0	0	0	23	2	0	0	159	0	74	29	7
Қарағанды / Карагандинская	0	0	0	0	0	3	0	0	0	10	0	1	0	0
Қостанай / Костанайская	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	3	4	3
Қызылорда / Кызылординская	0	0	0	0	0	102	0	0	0	11	2	19	9	6
Маңғыстау / Мангистауская	0	1	0	0	0	51	1	1	1	7	0	48	16	24
Павлодар / Павлодарская	0	0	0	1	0	12	0	0	0	10	0	11	1	0
СҚО / СКО	0	0	0	0	0	2	0	0	0	17	0	114	61	18
Түркістан / Туркестанская	0	0	1	3	1	56	0	1	0	123	3	56	84	24
Ұлытау / Улытау	6	8	12	4	5	32	4	1	2	37	0	15	5	1
ШҚО / ВКО	0	0	0	0	0	140	1	1	2	19	0	20	7	6
Астана қ. / г. Астана	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Алматы қ. / г. Алматы	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Шымкент қ. / г. Шымкент	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0

Дереккөз: ҰБДҚ деректері

Источник: данные НОБД

Кестеден көріп отырғанымыздай, шағын жинақты ауыл мектептерінің көбінде интернет жылдамдығының төмен көрсеткіш көрсетіп отырғанын байқап отырмыз. Оның ішінде Республика бойынша <512 кбит/с-мен 6 мектеп, 512 кбит/с. 10 мектеп, 1 Мбит/с 13 мектеп, 2 Мбит/с 12 мектеп, 3 Мбит/с 6 мектеп, 4 Мбит/с 636 мектеп, 5 Мбит/с 11 мектеп, 6 Мбит/с 8 мектеп, 7 Мбит/с 5 мектеп, 8 Мбит/с 5 мектеп, 9 Мбит/с 6, 10 Мбит/с 623, >10 Мбит/с 411 мектеп және >20 Мбит/с 225 мектеп тіркелген. Бұдан 683 мектептің интернетке кіруге жағдайы төмен екенін байқап отырмыз, яғни 25 % мектепте сапалы білім қолжетімсіз, сабақта заманауи құралдарды пайдалану мүмкіндігі төмен деп айта аламыз. Келесі суретте шағын жинақты мектептердің 5 жылдағы жағдайы берілген.

3-сурет. Шағын жинақты мектептердің 5 жылдағы жағдайы

2.2.59 Шағын жинақты мектептердің соңғы 5 жылдағы желісі
Сеть малокомплектных школ за последние 5 лет

бірлік

единица

Аймақ / Регион	2018-2019		2019-2020		2020-2021		2021-2022		2022-2023	
	барлығы/ всего	оның ішінде ауылда/ из них в селе	барлығы/ всего	оның ішінде ауылда/ из них в селе	барлығы/ всего	оның ішінде ауылда/ из них в селе	барлығы/ всего	оның ішінде ауылда/ из них в селе	барлығы/ всего	оның ішінде ауылда/ из них в селе
ҚР / РК	2 886	2 850	2 833	2 802	2 787	2 758	2 753	2 725	2 722	2 694
Абай/Абай	-	-	-	-	-	-	-	-	149	146
Ақмола/Ақмолинская	379	374	372	368	367	362	360	356	352	349
Ақтөбе/Актюбинская	202	201	199	197	199	197	202	200	204	202
Алматы/Алматинская	231	230	231	230	226	225	226	225	80	80
Атырау/Атырауская	25	25	25	25	26	26	26	26	27	27
БҚО/ЗКО	225	223	223	221	217	215	216	214	217	215
Жамбыл/Жамбылская	128	125	123	121	119	117	123	121	128	126
Жетісу/Жетісу	-	-	-	-	-	-	-	-	150	149
Қарағанды/Карагандинская	232	221	225	216	220	213	209	203	166	162
Қостанай/Костанайская	340	339	336	336	325	325	317	317	295	295
Қызылорда/Кызылординская	20	20	20	20	21	21	20	20	14	14
Маңғыстау/Мангистауская	12	12	11	11	11	11	10	10	10	10
Павлодар/Павлодарская	225	224	216	215	215	214	212	210	212	211
СҚО/СКО	380	376	367	363	362	358	355	351	352	349
Түркістан/Туркестанская	136	134	138	137	136	136	135	135	135	133
Ұлытау/Улытау	-	-	-	-	-	-	-	-	35	32
ШҚО/ВКО	351	346	347	342	343	338	342	337	196	194
Астана қ./г. Астана	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Алматы қ./г. Алматы	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Шымкент қ./г. Шымкент	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0

Дереккөз: ҰБДҚ деректері

Источник: данные НОБД

Суреттен көріп отырғанымыздай, 2018-2019 оқу жылында **36** шағын жинақты мектеп жабылса, 2019-2020 оқу жылында **31**, 2020-2021 оқу жылында **29**, 2021-2022 оқу жылында **28**, 2022-2023 оқу жылында **28** шағын жинақты мектеп жабылған. 5 жыл аралығында республика бойынша **152** шағын жинақты ауыл мектебі жабылғаны анықталып отыр. Яғни осы ауылдардағы білім алушылар басқа мектептерге тасымалданып білім алуда. Келесі суретте шағын жинақты мектептердегі біріктірілген сыныптар бойынша мәлімет берілген.

4-сурет. Біріктірілген сыныптары бар шағын жинақты мектептер бойынша мәлімет

2.2.65 Шағын жинақты мектептердегі біріктірілген сыныптар
Совмещенные классы в малокомплектных школах

Аймақ / Регион	барлық ШЖМ / всего МКШ	барлық сыныптар / всего классов	біріктірілмеген сыныптар / несовмещенные классы	біріктірілген сыныптар / совмещенные классы	соның ішінде / в том числе		
					1-4 сынып / 1-4 класс	5-9 сынып / 5-9 класс	10-11 сынып / 10-11 класс
ҚР / РК	2 722	29 269	26 586	2 683	1 307	1 301	75
Абай/Абай	149	1 627	1 475	152	63	84	5
Ақмола/Ақмолинская	352	3 967	3 555	412	177	232	3
Ақтөбе/Ақтөбинская	204	2 271	1 991	280	125	151	4
Алматы/Алматинская	80	775	761	14	11	3	0
Атырау/Атырауская	27	236	231	5	2	3	0
БҚО/ЗКО	217	2 138	2 032	106	80	26	0
Жамбыл/Жамбылская	128	1 199	1 175	24	22	2	0
Жетісу/Жетісу	150	1 524	1 488	36	29	7	0
Қарағанды/Қарагандинская	166	1 825	1 681	144	63	77	4
Қостанай/Қостанайская	295	3 237	2 835	402	205	187	10
Қызылорда/Қызылординская	14	110	93	17	12	5	0
Маңғыстау/Мангистауская	10	98	98	0	0	0	0
Павлодар/Павлодарская	212	2 680	2 155	525	230	262	33
СҚО/СКО	352	3 855	3 552	303	160	130	13
Түркістан/Туркестанская	135	1 176	1 143	33	30	3	0
Ұлытау/Ұлытау	35	360	344	16	4	12	0
ШҚО/ВКО	196	2 191	1 977	214	94	117	3
Астана қ./г.Астана	0	0	0	0	0	0	0
Алматы қ./г.Алматы	0	0	0	0	0	0	0
Шымкент қ./г.Шымкент	0	0	0	0	0	0	0

Дереккөз: УБДҚ деректері
Источник: данные НОБД

Суреттен көріп отырғанымыздай, 2722 шағын жинақты мектепте жалпы 29 269 сынып бар және 26 586 сынып біріктірілмей оқытылса, 2683 сынып біріктіріліп оқытылады. Біріктірілген сыныптардың бастауыш білім беру деңгейі бойынша 1-4-сыныптар арасында 1307 сынып, негізгі орта білім беру деңгейі бойынша 5-9-сыныптар арасында 1301 сынып және жалпы орта білім беру деңгейі бойынша 10-11-сыныптар арасында 75 сынып біріктіріліп оқытылады. Суретте 1 және бітіруші 4, 9, 11-сыныптардың біріктіріліп оқытатын тұстарын байқап отырмыз.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 614 бұйрығы негізінде:

- «ШЖМ-да оқу-тәрбие процесі біріктірілген немесе жеке сыныптарда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға сәйкес қамтамасыз етіледі.

- ШЖМ-дағы 2-11 сыныптардың толымдылығына 3 және одан артық адамға дейін рұқсат беріледі.

- Әртүрлі жастағы оқыту әдістемелерін қолдану кезінде 1, 2 жас айырмасын ескере отырып, екі немесе үш сыныпты біріктіруге жол беріледі.

- Сыныптарды біріктіру кезінде оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзгермелі кестесі қолданылады.

- Бірінші сынып, бітіруші сыныптың білім алушыларын басқа сыныптарымен біріктіріп оқытуға жол берілмейді», - делінген. Алайда, өңірдегі жағдайды ескере отырып, бірінші және бітіруші сыныптарды біріктіріп оқыту кездері кездеседі.

Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәлімет келесі кестеде берілген.

Кестеден көріп отырғанымыздай, өңірлер бойынша барлығы 2912 сынып бастауыш білім беру деңгейінде біріктіріліп оқытылады. Оның ішінде 2 сынып біріктіріліп оқытылып отырғаны – 2504, 3-сынып біріктіріліп оқытылатыны – 211 және 4 сынып біріктіріліп оқытылатыны – 197 мектеп. Бастауыш білім беру деңгейінде біріктіріліп оқытылатын сыныптардың 1596-сы қазақ тілінде білім берсе, 1241 орыс және 72 мектеп өзге тілде оқытатын мектептердің сыныптары болып есептеледі. Келесі кестеде ауыл мен қала бөлінісіндегі біріктірілген сыныптар бойынша мәлімет берілген.


1-кесте. Өңірлердегі ауыл мен қала мектептері арасындағы біріктірілген сыныптар бойынша мәлімет

Өңірлер	қала	ауыл
Ақмола облысы	8	430
Ақтөбе облысы	4	287
Алматы облысы	0	15
Атырау облысы	0	6
ШҚО	0	216
Жамбыл облысы	0	23
БҚО	0	119
Қарағанды облысы	8	167
Қостанай облысы	0	453
Маңғыстау облысы	0	1
Абай облысы	1	170
Жетісу облысы	0	39
Ұлытау облысы	1	15
Павлодар облысы	1	536
СҚО	0	350
Түркістан облысы	1	41
Қызылорда облысы	0	16
Барлығы	24	2884

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2023 жылғы сәуір айында алынған мәлімет бойынша елімізде 2908 біріктірілген сынып бары анықталып отыр. Оның 24 сыныбы қаладағы шағын жинақты және 2884 сыныбы ауылды жердегі мектептердегі біріктірілген сыныптар. Ауылды жердегі шағын жинақты мектептердегі біріктірілген сыныптар Павлодар (536), Қостанай (453), Ақмола


(430), Солтүстік Қазақстан (350) облыстарында тіркелгенін байқап отырмыз. Келесі суретте бөлініс диаграмма түрінде берілген.

5-сурет. Өңірлердегі ауыл мен қала мектептері арасындағы біріктірілген сыныптар бойынша мәлімет



Суретте қала мен ауыл бөлінісіндегі біріктірілген сыныптар бойынша мәлімет берілген. Өңірлер бөлінісінде біріктірілген сыныптары азы Маңғыстау, Атырау, Ұлытау, Алматы, Қызылорда және Жамбыл облыстарында көрсетілген. Бұл өңірлерде біріктірілген сыныптардың аз болуы, шағын жинақты мектептер санының аздығына байланысты. Келесі суретте оқыту тілі бойынша мәліметтер берілген.

6-сурет. Біріктірілген сыныптар бойынша оқыту тіліне қарай мәлімет



Суреттен көріп отырғанымыздай, біріктірілген сыныптарда қазақ, орыс және өзге тілде білім алатын біріктірілген сыныптар көрсетілген. Қазақ тілінде білім алатын біріктірілген сыныптар Павлодар (282), Ақмола (238), Қостанай (177) облыстарында болса, орыс тілінде білім беретін біріктірілген сыныптарда Қостанай (269), Павлодар (233) және Ақмола (200) облыстарында тіркелген. Өңірлер арасындағы біріктірілген сыныптар бойынша мәлімет келесі кестеде берілген.


2-кесте. Біріктірілген сыныптар бойынша мәлімет

Өңірлер	Барлығы	2-сынып	3-сынып	4-сынып	қазақ	орыс	өзге
Ақмола	438	387	25	26	238	200	0
Ақтөбе	291	253	22	16	185	102	4
Алматы	15	10	1	4	13	2	0
Атырау	6	5	0	1	3	0	0
ШҚО	216	180	23	13	131	83	2
Жамбыл	26	22	1	3	21	2	3
БҚО	119	93	12	14	89	30	2
Қарағанды	175	155	11	9	92	76	7
Қостанай	453	400	37	16	177	269	7
Маңғыстау	2	2	0	0	0	0	0
Абай	171	153	7	11	117	46	8
Жетісу	39	31	5	3	33	6	0
Ұлытау	16	13	2	1	13	3	0
Павлодар	537	457	33	47	282	233	22
СҚО	350	303	26	21	149	188	13
Түркістан	42	31	2	9	37	1	4
Қызылорда	16	9	4	3	16	0	0

Барлығы	2912	2504	211	197	1596	1241	72
----------------	-------------	------	-----	-----	-------------	-------------	-----------

Келесі кестеде бастауыш білім беру деңгейі бойынша мәлімет диаграмма түрінде ұсынылып отыр.

7-сурет. Біріктірілген бастауыш сыныптар бойынша мәлімет



Суреттен көріп отырғанымыздай, 2 сыныптан біріктіріп оқытатын сыныптар Павлодар (457), Қостанай (400), Ақмола (387), Солтүстік Қазақстан (303), Ақтөбе (253), Шығыс Қазақстан (180), Қарағанды (155), Абай (153) және Батыс Қазақстан (93) облыстарында тіркелген. Келесі кестеде біріктірілген бастауыш сыныптар бойынша мәлімет берілген.

3-кесте. Біріктірілген бастауыш сыныптар бойынша мәлімет

Өңірлер	Бастауыш	2-сынып	3-сынып	4-сынып	қазақ	орыс	өзге
Ақмола	205	175	17	13	108	97	0
Ақтөбе	131	106	15	10	82	46	3
Алматы	12	7	1	4	12	0	0
Атырау	3	2	0	1	3	0	0
ШҚО	98	78	14	6	57	38	1
Жамбыл	23	19	1	3	19	4	0
БҚО	92	68	12	11	74	17	0
Қарағанды	82	66	9	7	47	29	6
Қостанай	235	190	32	13	84	147	4
Маңғыстау	0	0	0	0	0	0	0
Абай	72	61	6	5	49	16	7
Жетісу	30	22	5	3	26	4	0
Ұлытау	5	3	1	1	5	0	0
Павлодар	248	205	19	24	9	12	3
СҚО	192	147	24	21	76	103	13
Түркістан	38	27	2	9	34	0	4
Қызылорда	11	4	4	3	11	0	0
Барлығы	1477	1180	162	134	696	513	41


Республика бойынша біріктірілген бастауыш сыныптардың саны – 1477. Келесі суретте бастауыш білім беру деңгейіндегі біріктірілген сыныптар бойынша мәлімет диаграмма түрінде ұсынылып отыр.

5-сурет. Бастауыш білім беру деңгейі бойынша біріктірілген сыныптар




Суреттен көріп отырғанымыздай, бастауыш білім беру деңгейі бойынша біріктірілген сыныптардың басым бөлігі Павлодар (248), Қостанай (235), Ақмола (205), СҚО (192) облыстарында болса, ең азы Атырау (3), Ұлытау (5), Қызылорда (11) және Алматы (12) облыстарында орналасқан. Келесі суретте біріктірілген бастауыш сыныптар бойынша мәлімет берілген.

6-сурет. Біріктірілген бастауыш сыныптар бойынша мәлімет



Суреттен көріп отырғанымыздай, өңірлер арасында 2-сыныпты біріктіру көбірек кездеседі. 2 сыныпты біріктіру мәселесі Павлодар, Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарында басымдық байқалады. Бастауыш сыныптағы біріктірілген сыныптарды оқыту тіліне қарай іріктеу келесі суретте берілген.

7-сурет. Бастауыш сыныптағы біріктірілген сыныптардағы оқыту тіліне қарай іріктеу



Суреттен көріп отырғанымыздай, біріктірілген бастауыш сыныптар Қостанай (147), Солтүстік Қазақстан (103) және Ақмола (97) облысында көп екені белгілі болса, оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептерде Ақмола (108), Қостанай (84), Ақтөбе (82) облыстарында көптеу екені белгілі болып отыр.

Келесі кестеде Негізгі білім беру деңгейіндегі біріктірілген сыныптар бойынша мәлімет ұсынылып отыр.


4-кесте. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі біріктірілген сыныптар бойынша мәлімет

Өңірлер	Негізгі	2-сынып	3-сынып	4-сынып	қазақ	орыс	өзге
Ақмола	229	211	8	10	127	102	0
Ақтөбе	157	144	7	6	103	54	0
Алматы	3	3	0	0	1	2	0
Атырау	3	3	0	0	3	0	0
ШҚО	113	100	9	4	71	42	0
Жамбыл	3	3	0	0	3	0	0
БҚО	27	23	0	2	12	13	0
Қарағанды	85	82	2	1	43	42	0
Қостанай	206	198	5	3	87	116	3
Маңғыстау	0	0	0	0	0	0	0
Абай	93	88	1	4	65	27	1
Жетісу	8	8	0	0	7	1	0
Ұлытау	11	10	1	0	8	3	0
Павлодар	258	221	13	20	9	10	1
СҚО	144	142	2	0	68	76	0
Түркістан	4	4	0	0	3	1	0
Қызылорда	5	5	0	0	5	0	0
барлығы	1349	1245	48	50	615	489	5

Кестеден көріп отырғанымыздай, Республика бойынша 1349 біріктірілген сыныптар негізгі орта білім беру деңгейінде екені анықталып отыр. Келесі суретте ақпарат диаграмма түрінде берілген.

8-сурет. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі біріктірілген сыныптар бойынша мәлімет


Негізгі орта білім беру деңгейі



Суреттен көріп отырғанымыздай, негізгі білім беру деңгейінде біріктірілген сыныптардың көбі Павлодар (258), Ақмола (229), Қостанай (206) және Ақтөбе (157) облыстарында болса, ең азы Алматы, Атырау, Жамбыл (3) облыстарынан анықталып отыр. Келесі суретте негізгі орта білім беру деңгейіндегі сыныптарды біріктіру мәселесі берілген.

9-сурет. Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша сыныптарды біріктіру мәселесі


Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша



Суреттен көріп отырғанымыздай, 2 сыныпты біріктіру мәселесі Павлодар (221), Ақмола (211), Қостанай (198), СҚО (142) облыстарында көбірек кездеседі. Келесі суретте оқыту тіліне байланысты мәлімет берілген.

10-кесте. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі біріктірілген сыныптардағы оқыту тіліне байланысты мәлімет

Оқыту тіліне байланысты




Суреттен көріп отырғанымыздай, негізгі орта білім беру деңгейі бойынша қазақ тілінде білім беретін сыныптарда Ақмола (127), Ақтөбе (103), Қарағанды (87), Шығыс Қазақстан облысында (71) сынып тіркелсе, оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептерде арасында Қостанай облысында (116), Ақмола (102), Солтүстік Қазақстан (76) облысында тіркеліп отыр. Келесі кестеде Жалпы орта білім беру деңгейіндегі біріктірілген сыныптар мәселесі берілген.

5-кесте. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі біріктірілген сыныптар бойынша мәлімет

өңірлер	Жалпы	2-сынып	қазақ	орыс
Ақмола облысы	4	4	2	2
Ақтөбе облысы	3	3	1	2
Алматы облысы	0	0	0	0
Атырау облысы	0	0	0	0
ШҚО	5	5	3	2
Жамбыл облысы	0	0	0	0
БҚО	0	0	0	0
Қарағанды облысы	5	5	0	5
Қостанай облысы	12	12	6	6
Маңғыстау облысы	0	0	0	0
Абай облысы	5	5	2	3
Жетісу облысы	1	1	0	1
Ұлытау облысы	0	0	0	0
Павлодар облысы	31	31	18	13
СҚО	9	9	0	9
Түркістан облысы	0	0	0	0
Қызылорда облысы	0	0	0	0
барлығы	75	75	32	43


Кестеден көріп отырғанымыздай, Республика бойынша 75 жалпы білім беретін мектептерде сыныптар біріктіріліп оқытылып келгені белгілі болып отыр. Келесі суретте өңірлер бөлінісіндегі жағдай көрсетілген.

11-сурет. Жалпы білім беру деңгейі бойынша өңірлер бөлінісіндегі ақпарат



Суреттен көріп отырғанымыздай, жалпы білім беру деңгейі бойынша Павлодар облысында 31, Қостанай облысында 12, Солтүстік Қазақстан облысында 9, Шығыс Қазақстан облысы бойынша 5, Қарағанды, Абай облыстары бойынша 5, Ақмола облысында 4, Ақтөбе облысында 3 және Жетісу облысы бойынша 1 мектепте 10-11-сынып білім алушылары біріктірілген сыныптарда білім алып келеді. Келесі суретте жалпы білім беру деңгейіндегі біріктірілген сыныптардың оқыту тілі бойынша мәліметі берілген.

12-сурет. Жалпы білім беру деңгейіндегі оқыту тіліне қарай мәлімет



Суреттен көріп отырғанымыздай, жалпы білім беру деңгейінде оқыту тілі қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің арасында Павлодар облысының

біріктірілген сыныбы көп екені анықталып отыр. Оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептерде де Павлодар облысы алдыңғы қатарда тұр. Бұдан шығатын қорытынды жалпы орта білім беру деңгейі бойынша Павлодар облысындағы біріктірілген сыныптары бар шағын жинақты мектептерге оқу-әдістемелік қолдау көбірек көрсетілуі тиіс. Келесі кестеде 1-сыныптардағы біріктірілген сынып мәселесі берілген.

6-кесте. 1-сыныптардағы біріктірілген сыныптар бойынша мәлімет

Өңірлер	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Ақмола облысы	26	20	4	2
Ақтөбе облысы	12	10	2	0
Алматы обласы	2	1	0	1
Атырау облысы	1	2	0	0
ШҚО	6	4	1	1
Жамбыл обл	5	3	1	1
БҚО	9	6	2	1
Қарағанды	8	6	1	1
Қостанай	58	45	6	7
Маңғыстау	0	0	0	0
Абай	13	11	1	1
Жетісу	11	7	3	1
Ұлытау	1	2	0	0
Павлодар	111	83	11	17
СҚО	41	27	9	5
Түркістан	16	9	1	6
Қызылорда	6	0	3	3
Барлығы	326	236	45	47


Кестеден көріп отырғанымыздай, Республика бойынша 1-сыныптар 326 сыныпта біріктіріліп оқытылады. 1-сыныптармен біріктіріліп оқытылатын 2 сынып оқытылатын жағдайда 236 сынып, 3 сынып біріктіріліп оқытатын 45 және 4 сынып біріктіріліп оқытатын жағдай 47 мектепте анықталып отыр. Келесі суретте өңірлер арасындағы жағдай берілген.

13-сурет. 1-сыныптарды біріктіріп оқыту бойынша



Суреттен көріп отырғанымыздай, Павлодар облысында 111 сынып 1-сыныппен біріктіріліп оқытылса, Қостанай облысында 58, Солтүстік Қазақстан облысында 41 және Ақмола облысында 26 сыныпта 1-сыныптар біріктіріліп отырған жағдай. Бұл әрине дұрыс емес, бірақ білім алушы санының аздығына байланысты өңірлер 1-сынып білім алушыларын қосып, біріктірілген сыныптарда оқытуға тура келеді. Келесі суретте 1-сыныптарды біріктіру мәселесі берілген.

14-сурет. 1-сыныпты біріктіру бойынша мәлімет



Суреттен көріп отырғанымыздай, екі сыныпты біріктіріп 1-сыныптардың біріктірілген сыныптарда оқуы Павлодар (83), Қостанай (45), Солтүстік Қазақстан (27) және Ақмола (20) облыстарында анықталып отыр. Келесі кестеде Республика бойынша біріктірілген сыныптардың мәліметі берілген.

7-кесте. Республика бойынша біріктірілген сыныптар бойынша мәлімет

Өңірлер	қала	ауыл	барлығы	2 сынып	3 сынып	4 сынып	қазақ	орыс	өзге	бастауыш	2 сынып	3 сынып	4 сынып	қазақ	орыс	өзге	негізгі	2 сынып	3 сынып	4 сынып	қазақ	орыс	өзге	жалпы	2 сынып	қазақ	орыс
Ақмола облысы	8	430	438	387	25	26	238	200	0	205	175	17	13	108	97	0	229	211	8	10	127	102	0	4	4	2	2
Ақтөбе облысы	4	287	291	253	22	16	185	102	4	131	106	15	10	82	46	3	157	144	7	6	103	54	0	3	3	1	2
Алматы обласы	0	15	15	10	1	4	13	2	0	12	7	1	4	12	0	0	3	3	0	0	1	2	0	0	0	0	0
Атырау облысы	0	6	6	5	0	1	3	0	0	3	2	0	1	3	0	0	3	3	0	0	3	0	0	0	0	0	0
ШҚО	0	216	216	180	23	13	131	83	2	98	78	14	6	57	38	1	113	100	9	4	71	42	0	5	5	3	2
Жамбыл облысы	0	23	26	22	1	3	21	2	3	23	19	1	3	19	4	0	3	3	0	0	3	0	0	0	0	0	0
БҚО	0	119	119	93	12	14	89	30	2	92	68	12	11	74	17	0	27	23	0	2	12	13	0	0	0	0	0
Қарағанды облысы	8	167	175	155	11	9	92	76	7	82	66	9	7	47	29	6	85	82	2	1	43	42	0	5	5	0	5
Қостанай облысы	0	453	453	400	37	16	177	269	7	235	190	32	13	84	147	4	206	198	5	3	87	116	3	12	12	6	6
Маңғыстау облысы	0	1	2	2	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Абай облысы	1	170	171	153	7	11	117	46	8	72	61	6	5	49	16	7	93	88	1	4	65	27	1	5	5	2	3
Жетісу облысы	0	39	39	31	5	3	33	6	0	30	22	5	3	26	4	0	8	8	0	0	7	1	0	1	1	0	1
Ұлытау облысы	1	15	16	13	2	1	13	3	0	5	3	1	1	5	0	0	11	10	1	0	8	3	0	0	0	0	0
Павлодар облысы	1	536	537	457	33	47	282	233	22	248	205	19	24	9	12	3	258	221	13	20	9	10	1	31	31	18	13
СҚО	0	350	350	303	26	21	149	188	13	192	147	24	21	76	103	13	144	142	2	0	68	76	0	9	9	0	9
Түркістан облысы	1	41	42	31	2	9	37	1	4	38	27	2	9	34	0	4	4	4	0	0	3	1	0	0	0	0	0
Қызылорда облысы	0	16	16	9	4	3	16	0	0	11	4	4	3	11	0	0	5	5	0	0	5	0	0	0	0	0	0
Барлығы	24	2884	2912	2504	211	197	1596	1241	72	1477	1180	162	134	696	513	41	1349	1245	48	50	615	489	5	75	75	32	43

Кестеде Республика бойынша өңірлер арасындағы бөліністегі біріктірілген сыныптар бойынша мәлімет берілген. Келесі кестеде өңірлер бөлінісіндегі 1-сыныптарды қосып оқыту мәселесі берілген.

8-кесте. Өңірлер бөлінісінде 1-сыныптарды біріктіріп оқыту мәселесі

Өңірлер	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Ақмола облысы	26	20	4	2
Ақтөбе облысы	12	10	2	0
Алматы облысы	2	1	0	1
Атырау облысы	1	2	0	0
ШҚО	6	4	1	1
Жамбыл облысы	5	3	1	1
БҚО	9	6	2	1
Қарағанды облысы	8	6	1	1
Қостанай облысы	58	45	6	7
Маңғыстау облысы	0	0	0	0
Абай облысы	13	11	1	1
Жетісу облысы	11	7	3	1
Ұлытау облысы	1	2	0	0
Павлодар облысы	111	83	11	17
СҚО	41	27	9	5
Түркістан облысы	16	9	1	6
Қызылорда облысы	6	0	3	3
Барлығы	326	236	45	47

Кестеден көріп отырғанымыздай, 1-сыныптар 326 мектепте бірге оқытылады. Оның ішінде 2 сынып біріктіріліп оқытатыны 236, 3 сынып біріктіріп оқытатынын 45 және 4 сынып біріктіріп оқытатыны 47. Бірінші сыныпты біріктіріп оқыту мәселесі өзекті мәселелердің бірі. Себебі 1-сыныпқа келген бала өздігінен мұғалімнің көмегімен әріп танып, оны жазып, әріптен сөз құрап, сөзден сөйлемді толық айтуға үйренуі қажет. Сондықтан 1-сыныптарды реті келсе және нормативтік құжаттарды басшылыққа алып қосып оқытпау ұсынылады.

2. БІРІКТІРІЛГЕН СЫНЫПТАРЫ БАР ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Біріктірілген сыныптары бар шағын жинақты мектептерде оқу процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 614 бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.

Шағын жинақты мектептерде оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша білім беру ұйымдары меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

ШЖМ негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) сапалы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету және кеңейту;

2) оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану;

3) сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсатында тірек мектептерінде (ресурстық орталықта) ШЖМ-ның білім беру ресурстарын біріктіру;

4) ШЖМ білім алушылары үшін бейіналды даярлау және бейіндік оқыту бойынша жағдай жасау;

5) тірек мектебінде (ресурстық орталықта) нұсқаушы, аралық және қорытынды сессиялық сабақтар және магнитті мектеп білім алушылары үшін сессияаралық кезенді ұйымдастыру;

б) біріктірілген сыныптарда оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру.

Тұрғындарының саны аз әрбір елді мекенде бастауыш ШЖМ білім алушылардың саны 5-тен 40 адамға дейін; негізгі ШЖМ білім алушылардың саны 41-ден 80 адамға дейін; орта ШЖМ білім алушылардың саны 81-ден 180 адамға дейін болған жағдайда жұмыс істейді.

ШЖМ-да сыныпты екі топқа бөлуге білім алушылар саны 16 және одан артық болғанда:

1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – қазақ тілі мен әдебиеті;

2) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – орыс тілі мен әдебиеті;

3) шетел тілі;

4) көркем еңбек;

5) информатика;

б) дене шынықтыру сабақтарын жүргізу кезінде болады.

ШЖМ-да оқу-тәрбие процесі біріктірілген немесе жеке сыныптарда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға сәйкес қамтамасыз етіледі.

ШЖМ-дағы 2-11-сыныптардың толымдығына 3 және одан артық адамға дейін рұқсат беріледі.

Әртүрлі жастағы оқыту әдістемелерін қолдану кезінде 1, 2 жас айырмасын ескере отырып, екі немесе үш сыныпты біріктіруге жол беріледі.

Сыныптарды біріктіру кезінде оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзгермелі кестесі қолданылады.

Бірінші сынып, бітіруші сыныптың білім алушыларын басқа сыныптарымен біріктіріп оқытуға жол берілмейді.

Тірек мектебі мен магнитті ШЖМ-ның оқу қызметі тірек мектебі (ресурстық орталық) мен магниттік мектептердің бірлескен педагогикалық кеңесінде бекітілген бірыңғай оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Магнитті мектептердің 5-11-сынып білім алушылары үшін инвариантты компоненттің оқу пәндерін оқыту арқылы оқу сессияларын өткізіледі: бастапқы – қазанның бірінші онкүндігі (10 күн), аралық – ақпанның бірінші онкүндігі (10 күн), қорытынды – сәуірдің үшінші онкүндігі (10 күн).

8-11-сыныптардың білім алушылары үшін тірек мектептер базасында оқу сессияларын өткізу міндетті, 5-7-сыныптар үшін – білім беру ұйымының қалауы бойынша.

Сессия кезеңінде тірек мектеп (ресурстық орталық) қосымша білім беру орталығы және толық күндік мектеп ретінде жұмыс істейді

Магниттік мектептердің білім алушылары үшін тірек мектепте оқу сессияларын өткізу кезінде жергілікті атқарушы органдар білім беруді басқару органының тиісті бұйрығымен ресімделетін тасымалдауға, тамақтануға және тұруға қаражат қарастырады.

Сессияаралық кезеңде білім алушылардың оқу-танымдық қызметі ШЖМ-да тірек мектеп (ресурстық орталық) пән мұғалімдерінің қашықтан қолдауымен өтеді.

ШЖМ білім алушыларының оқу сессиялары әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға, аурудың алдын алу және емдеу, санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық-алдын алу іс-шараларға байланысты, қолайсыз ауа райы кезеңінде қашықтан оқытуға ауыстырылады.

Облыстық әдістемелік кабинеттер (орталықтар) оқу жұмыс жоспарларын әзірлеу, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау, жеке оқыту бағдарламаларын жасау, қашықтықтан оқыту нысанының мазмұны, бейінді бағытты ескере отырып, оқыту әдістері мен арнайы курстар бойынша жұмысты үйлестіруді жүзеге асырады.

Шағын жинақты мектептерде білім беру процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» № 412 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Келесі кестеде Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің қолданыстағы үлгілік оқу жоспарының үлгісі берілген.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары
9-кесте. Түпнұсқа

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
	Тіл және әдебиет	6	11	11	11	39	1398
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	210
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	432
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	324
4	Орыс тілі		2	2	2	6	216
5	Шетел тілі		2	2	2	6	216
	Математика және информатика	4,5	5	6	6	21,5	769,5
6	Математика	4	4	5	5	18	644
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	1	3,5	125,5
	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	215
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	215
	Адам және қоғам	1	1	1	1	4	143
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	143
	Технология және өнер	3	2	2	2	9	321
10	Музыка	1	1	1	1	4	143
11	Көркем еңбек		1	1	1	3	108
12	Еңбекке баулу	1				1	35
13	Бейнелеу өнері	1				1	35
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	429
14	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	429
Инварианттық оқу жүктемесі		18,5	23	25	25	91,5	3275,5
Вариативтік компонент							
Дамыту сипаттағы жеке және топтық сабақтар		1	1	1	1	4	143
Вариативтік оқу жүктемесі		1	1	1	1	4	143

Ең жоғарғы оқу жүктемесі	19,5	24	26	26	95,5	3418,5
--------------------------	------	----	----	----	------	--------

ҰСЫНЫС

Шағын жинақты мектептің бастауыш сыныптарында біріктіріп оқыту мәселесінде келесідей өзгерістер енгізу және Үлгілік оқу жоспарын қайта жасау мәселесінде төмендегідей ұсыныстар беріледі. Үлгілік оқу жоспарында келесідей ұсыныстар беріледі:

жиынтық оқу жүктемесі – Үлгілік оқу жоспарының инвариантты және вариативті бөлігі сағаттарының жалпы саны;

оқу жүктемесі – әрбір жас тобы үшін оқу сағаттарымен өлшенетін оқу-тәрбие процесіне қатысудың нормаланатын жиынтығы;

оқу сағаты – сабақтың (жаттығудың) немесе дәрістердің сабақ басталғаннан үзіліске дейінгі ұзақтығы;

сыныптардың (топтардың) толықтырылуы – сыныптағы білім алушылардың нормаланған саны;

шағын жинақты мектеп – білім алушылар контингенті аз (5 баладан бастап), біріккен сынып-жинақтары бар және оқу сабақтарын ұйымдастыру нысаны ерекше жалпы білім беру мектебі.

Шағын жинақты мектептің бастауыш білім беру деңгейінде біріктіріп оқыту 2-3-сыныптарға ұсынылады. Себебі, 1-ші және 4-ші сыныптарды біріктіріп оқытуға жол берілмейді.

2-3-сыныптарды біріктіріп оқытуда

10-кесте. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының жобасы

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме, сағат
		2-3	апталық	жылдық
Инварианттық компонент				
	Тіл және әдебиет	11	11	396
2	Қазақ тілі	4	4	144
3	Әдебиеттік оқу	3	3	108
4	Орыс тілі	2	2	72
5	Шетел тілі	2	2	72
	Математика және информатика	8	8	288
6	Математика	6	6	216
7	Цифрлық сауаттылық	2	2	72
	Жаратылыстану	3	3	108

8	Жаратылыстану	3	3	108
	Адам және қоғам	2	2	72
9	Дүниетану	2	2	72
	Технология және өнер	2	2	72
10	Музыка	1	1	36
11	Көркем еңбек	1	1	36
	Дене шынықтыру	2	2	72
14	Дене шынықтыру	2	2	72
Инварианттық оқу жүктемесі		28	228	1008
Вариативтік компонент				
Дамыту сипаттағы жеке және топтық сабақтар		1	1	36
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		29	29	1044

Біріктіріп оқытуға ұсынылған оқу бағдарламасындағы ұсыныс бойынша 2-3-сыныптарды біріктіріп оқыту мәселесінде апталық саған саны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы № ҚР ДСМ-76 бұйрығының талаптарына сай білім алушылардың апталық сағат жүктемесіне сай 29 және жылдық сағат жүктемесі 1044 сағатқа есептелді.

Шағын жинақты мектептің 2-3 біріктірілген сыныптары үшін әзірленген үлгіде келесідей өзгерістер қарастырылады:

№	Енгізілген өзгерістер	қосылды	алынды	негіздеме
Инварианттық компонент				
1	«Тіл және әдебиет» тарауында		«Әліппе», «Ана тілі» пәндері алынып тасталды	Сыныпта оқытылатын пән емес
2	«Математика және информатика» тарауында	«Математика» пәніне 6 сағат қарастырылды		Сағат санының көптігі назарға алынды
3		«Цифрлық сауаттылық» пәнінің сағаттары біріктіріліп, 2 сағат қарастырылды		Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін

4	«Жаратылыстану» тарауында	Сыныптардың сағаттары қосылып берілді		Әр сыныпқа қажетті оқу бағарламасын меңгерту үшін
5	«Адам және қоғам» тарауында	Сыныптардың сағаттары қосылып берілді		Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін
6	«Технология және өнер» тарауында		«Еңбекке баулу» пәні алынды	Сыныпта оқытылатын пән емес
			«Бейнелеу өнері» пәні алынды	Сыныпта оқытылатын пән емес
	«Дене шынықтыру» тарауында		1 сағатқа қысқартылды	Сағат саны теориялық пәндерді оқытуға жіберілді
Вариативтік компонент				
	Дамыту сипаттағы жеке және топтық сабақтар	Сағат саны 1 сағат болып қалдырылды		Сағат саны теориялық пәндерді оқытуға жіберілді
	Вариативтік оқу жүктемесі		қысқартылды	Сағат саны теориялық пәндерді оқытуға жіберілді

Кестеден көріп отырғанымыздай, жасалған өзгерістер біріктірілген сыныптардағы білім алушыларға сапалы білімді қолжетімді ету үшін маңызды. Келесі кестеде «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» мен шағын жинақты мектептер үшін әзірленген нұсқа ұсынылып отыр.

11-кесте. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент								
	Тіл және әдебиет	11	11	10	10	10	52	1872
1	Қазақ тілі	3	3	2	2	2	12	432
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	2	10	360
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	540
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	15	540
	Математика және информатика	6	6	5	5	5	27	972
5	Математика	5	5	-	-	-	10	360

6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	324
7	Геометрия	-	-	1	1	1	3	108
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	180
	Жаратылыстану	2	2	7	7	7	25	900
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	144
10	Физика	-	-	2	2	2	6	216
11	Химия	-	-	2	2	2	6	216
12	Биология	-	-	2	2	2	6	216
13	География	-	-	1	1	1	3	108
	Адам және қоғам	3	3	3	3	4	16	576
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	360
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	180
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	36
	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	324
17	Музыка	1	1	-	-	-	2	72
18	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	252
	Дене шынықтыру	2	2	2	2	2	10	360
19	Дене шынықтыру	2	2	2	2	2	10	360
Инварианттық оқу жүктемесі		27	27	28	28	29	139	5004
Вариативтік компонент								
Жаһандық құзыреттілік		0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108
Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер*		-	-	3	3	3	9	324
Элективті курстар								
Дене шынықтыру: спорттық ойындар		1	1	1	1	1	5	180
Вариативті оқу жүктемесі		1,5	1,5	4,5	4,5	5	17	612
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		28,5	28,5	32,5	32,5	34	156	5616

ҰСЫНЫС.

12-кесте. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін шағын жинақты мектептердің негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптары үшін ұсынылған үлгілік оқу жоспарының жобасы

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент					
	Тіл және әдебиет	11		11	396

1	Қазақ тілі	3	3	108
2	Қазақ әдебиеті	2	2	72
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	108
4	Шетел тілі	3	3	108
	Математика және информатика	9	9	324
5	Математика	7	7	252
8	Информатика	2	2	72
	Жаратылыстану	3	3	108
9	Жаратылыстану	3	3	108
	Адам және қоғам	3	3	108
14	Қазақстан тарихы	2	2	72
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	36
	Технология және өнер	2	2	72
17	Музыка	1	1	36
18	Көркем еңбек	1	1	36
	Дене шынықтыру	2	2	72
19	Дене шынықтыру	2	2	72
Инварианттық оқу жүктемесі		30	30	1080
Вариативтік компонент				
Жаһандық құзыреттілік		1	1	36
Элективті курстар		1	1	36
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		32	33	1152

Шағын жинақты мектептің 5-6 біріктірілген сыныптары үшін әзірленген үлгіде келесідей өзгерістер қарастырылады:

№	Енгізілген өзгерістер	қосылды	алынды	негіздеме
Инварианттық компонент				
1	«Математика және информатика» тарауында	«Математика» пәні бойынша сағат санын 7 сағатқа артты		Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін
2		«Информатика» пәні бойынша екі сыныптың сағат саны қосылды		Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін
3	«Жаратылыстану» тарауында	«Жаратылыстану» пәні бойынша сағат саны 3 сағат берілді		Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін

4	«Технология және өнер» тарауында		«Музыка» пәні бойынша 1 сағат берілді	Сағат саны теориялық пәндерді оқытуға жіберілді
5			«Көркем еңбек» пәні бойынша 1 сағат берілді	Сағат саны теориялық пәндерді оқытуға жіберілді
Вариативтік компонент				
	«Жаһандық құзыреттілік» пәні бойынша	1 сағат оқыту ұсынылып отыр		Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін
	Элективті курстар	1 сағат берілді		Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін
	Вариативтік оқу жүктемесі		қысқартылды	Сағат саны теориялық пәндерді оқытуға жіберілді

Кестеден көріп отырғанымыздай, жасалған өзгерістер біріктірілген сыныптардағы білім алушыларға сапалы білімді қолжетімді ету үшін маңызды. Келесі кестеде «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» мен шағын жинақты мектептер үшін әзірленген нұсқа ұсынылып отыр.

13-кесте. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін шағын жинақты мектептердің негізгі орта білім беру деңгейінің 6-7-сыныптары үшін ұсынылған үлгілік оқу жоспарының жобасы

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме, сағат	
		6	7	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент					
	Тіл және әдебиет	11		11	396
1	Қазақ тілі	3		3	108
2	Қазақ әдебиеті	2		2	72
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3		3	108
4	Шетел тілі	3		3	108
	Математика және информатика	8		8	288

5	Математика Алгебра Геометрия	7	7	252
6	Информатика	1	1	36
	Жаратылыстану	8	8	288
7	Жаратылыстану	1	1	36
8	Физика	-	2	72
9	Химия	-	2	72
10	Биология	-	2	72
11	География	-	1	36
	Адам және қоғам	3	3	108
12	Қазақстан тарихы	2	2	72
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	36
	Технология және өнер	2	2	72
14	Музыка	1	1	36
15	Көркем еңбек	1	1	36
	Дене шынықтыру	1,5	1,5	54
16	Дене шынықтыру	1,5	1,5	54
17	Инварианттық оқу жүктемесі	33,5	33,5	1206
Вариативтік компонент				
	Жаһандық құзыреттілік	0,5	0,5	18
	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	34	34	1224

Шағын жинақты мектептің 6-7 біріктірілген сыныптары үшін әзірленген үлгіде келесідей өзгерістер қарастырылады:

№	Енгізілген өзгерістер	қосылды	алынды	негіздеме
Инварианттық компонент				
1	«Математика және информатика» тарауында	«Математика» пәні бойынша Математика, Алгебра және Геометрия пәндеріне 7 сағат қарастырылып отыр		Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін
2	«Жаратылыстану» тарауында	6-сынып үшін 1 сағат, 7-сынып үшін сағат сандары сақталды		Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасы менгертіледі

3	«Технология және өнер» тарауында		«Көркем еңбек» пәні бойынша 1 сағат берілді	Сағат саны теориялық пәндерді оқытуға жіберілді
4	«Дене шынықтыру» тарауында		«Дене шынықтыру» пәні бойынша сағат саны 0,5-ке қысқартылды	Сағат саны теориялық пәндерді оқытуға жіберілді
Вариативтік компонент				
	«Жаһандық құзыреттілік» пәні бойынша	0,5 сағат қалып отыр		Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін

Кестеден көріп отырғанымыздай, жасалған өзгерістер біріктірілген сыныптардағы білім алушыларға сапалы білімді қолжетімді ету үшін маңызды.

Ескерту. 6-7-сыныптарды біріктіріп оқытқанда «Жаратылыстану» пәндері бойынша 7-сыныпта «Физика», «Химия», «Биология» және «География» пәндері оқытылып жатқанда 6-сыныптың білім алушылары ыңғайлы құрылған кесте бойынша басқа сабақтарға баруға немесе басқа сабақтарды қосымша оқуға жол беріледі.

Келесі кестеде «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» мен шағын жинақты мектептер үшін әзірленген нұсқа ұсынылып отыр.

14-кесте. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін шағын жинақты мектептердің негізгі орта білім беру деңгейінің 7-8-сыныптары үшін ұсынылған үлгілік оқу жоспарының жобасы

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны			Жалпы жүктеме, сағат
		7	8	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент					
	Тіл және әдебиет	10	10	360	
1	Қазақ тілі	2	2	72	
2	Қазақ әдебиеті	2	2	72	
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	108	
4	Шетел тілі	3	3	108	
	Математика және информатика	6	6	216	
6	Алгебра	3	3	108	
7	Геометрия	2	2	72	
8	Информатика	1	1	36	
	Жаратылыстану	7	7	252	

10	Физика	2	2	72
11	Химия	2	2	72
12	Биология	2	2	72
13	География	1	1	36
	Адам және қоғам	3	3	108
14	Қазақстан тарихы	2	2	72
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	36
	Технология және өнер	1	1	36
18	Көркем еңбек	1	1	36
	Дене шынықтыру	2	2	72
19	Дене шынықтыру	2	2	72
Инварианттық оқу жүктемесі		29	29	1044
Вариативтік компонент				
Жаһандық құзыреттілік		0,5	0,5	18
Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер*		3	3	108
Элективті курстар				
Дене шынықтыру: спорттық ойындар		1	1	36
Вариативті оқу жүктемесі		4,5	4,5	162
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		33,5	33,5	1206

Шағын жинақты мектептің 7-8 біріктірілген сыныптары үшін әзірленген үлгіде келесідей өзгерістер қарастырылады:

№	Енгізілген өзгерістер	қосылды	алынды	негіздеме
Инварианттық компонент				
1	«Математика және информатика» тарауында	«Алгебра» пәні 3 сағат оқытылса, «Геометрия» пәні 2 сағат оқытылатын болады		Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін
2	«Технология және өнер» тарауында	«Көркем еңбек» пәні бойынша 1 сағат берілді		Сағат саны теориялық пәндерді оқытуға жіберілді
Вариативтік компонент				
«Жаһандық құзыреттілік» пәні бойынша		0,5 сағат калып отыр		Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін
Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер*			Алынып тасталды	Сағат санының жетпеуіне байланысты алынып тасталды

Элективті курстар		Алынып тасталды	Сағат санының жетпеуіне байланысты алынып тасталды
Дене шынықтыру: спорттық ойындар		Алынып тасталды	Сағат санының жетпеуіне байланысты алынып тасталды

Кестеден көріп отырғанымыздай, жасалған өзгерістер біріктірілген сыныптардағы білім алушыларға сапалы білімді қолжетімді ету үшін маңызды.

Келесі кестеде «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» мен шағын жинақты мектептер үшін әзірленген нұсқа ұсынылып отыр.

15-кесте. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін шағын жинақты мектептердің негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-7-сыныптары үшін ұсынылған үлгілік оқу жоспарының жобасы

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат
		5	6	7	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент						
	Тіл және әдебиет	9			9	324
1	Қазақ тілі	2			2	72
2	Қазақ әдебиеті	2			2	72
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2			2	72
4	Шетел тілі	3			3	108
	Математика және информатика	11			11	396
5	Математика	5		-	5	180
6	Алгебра	-	-	5	5	180
7	Геометрия	-	-			
8	Информатика	1			1	36
	Жаратылыстану	2		7	9	324
9	Жаратылыстану	2		-	2	72
10	Физика	-	-	2	2	72
11	Химия	-	-	2	2	72
12	Биология	-	-	2	2	72
13	География	-	-	1	1	36
	Адам және қоғам	3			3	108
14	Қазақстан тарихы	2			2	72
15	Дүниежүзі тарихы	1			1	36

	Технология және өнер	2	2	72
17	Музыка	1	-	36
18	Көркем еңбек	1	1	36
	Дене шынықтыру	2	2	72
19	Дене шынықтыру	2	2	72
Инварианттық оқу жүктемесі		36	36	1296
Вариативтік компонент				
Жаһандық құзыреттілік		0,5	0,5	18
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		36,5	36,5	1314

Шағын жинақты мектептің 5-6-7 біріктірілген сыныптары үшін әзірленген үлгіде келесідей өзгерістер қарастырылады:

№	Енгізілген өзгерістер	қосылды	алынды	негіздеме
Инварианттық компонент				
1	«Тіл және әдебиет» тарауында		«Қазақ тілі» 2 сағаттан оқыту ұсынылып отыр	3 сыныптың біріктіріп оқытылуына байланысты
			«Орыс тілі мен әдебиеті» пәнін 2 сағаттан оқыту ұсынылып отыр	3 сыныптың біріктіріп оқытылуына байланысты
2	«Математика және информатика» тарауында	«Математика» пәні бойынша 5 сағат сақталады	«Алгебра», «Геометрия» пәні бойынша 5 сағат қалады	Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін
		«Информатика» пәні бойынша 1 сағат сақталады		Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін
3	«Жаратылыстану» тарауында	5-6-сыныпта «Жаратылыстану» пәні бойынша 2 сағат сақталады	7-сыныпта 7 сағат ұсынылып отыр	Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін
4	«Технология және өнер» тарауында	«Музыка» 5 сыныпта 1 сағат берілді		Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін
			«Көркем еңбек» пәні бойынша 1 сағат берілді	Сағат саны теориялық пәндерді оқытуға жіберілді
Вариативтік компонент				
	«Жаһандық құзыреттілік» пәні бойынша	0,5 сағат қалып отыр		Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін

Кестеден көріп отырғанымыздай, жасалған өзгерістер біріктірілген сыныптардағы білім алушыларға сапалы білімді қолжетімді ету үшін маңызды.

Келесі кестеде «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» мен шағын жинақты мектептер үшін әзірленген нұсқа ұсынылып отыр.

16-кесте. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін шағын жинақты мектептердің негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-7-8-сыныптары үшін ұсынылған үлгілік оқу жоспарының жобасы

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент							
	Тіл және әдебиет	9				9	324
1	Қазақ тілі	2				2	72
2	Қазақ әдебиеті	2				2	72
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2				2	72
4	Шетел тілі	3				3	108
	Математика және информатика	6		5		11	396
5	Математика	5		-	-	5	180
6	Алгебра	-	-	5		5	180
7	Геометрия	-	-				
8	Информатика	1				1	36
	Жаратылыстану	2		7		9	324
9	Жаратылыстану	2		-	-	2	72
10	Физика	-	-	2		2	72
11	Химия	-	-	2		2	72
12	Биология	-	-	2		2	72
13	География	-	-	1		1	36
	Адам және қоғам	3				3	108
14	Қазақстан тарихы	2				2	72
15	Дүниежүзі тарихы	1				1	36
	Технология және өнер	4				4	144
17	Музыка	1		-	-	1	36
18	Көркем еңбек	2				2	72
	Дене шынықтыру	2				2	72
19	Дене шынықтыру	2				2	72

Инварианттық оқу жүктемесі	38	38	1368
Вариативтік компонент			
Жаһандық құзыреттілік	0,5	0,5	18
Ең жоғарғы оқу жүктемесі	38,5	38,5	1386

Шағын жинақты мектептің 5-6-7-8 біріктірілген сыныптары үшін әзірленген үлгіде келесідей өзгерістер қарастырылады:

№	Енгізілген өзгерістер	қосылды	алынды	негіздеме
Инварианттық компонент				
1	«Тіл және әдебиет» тарауында		«Қазақ тілі» 2 сағаттан оқыту ұсынылып отыр	3 сыныптың біріктіріп оқытылуына байланысты
			«Орыс тілі мен әдебиеті» пәнін 2 сағаттан оқыту ұсынылып отыр	3 сыныптың біріктіріп оқытылуына байланысты
2	«Математика және информатика» тарауында	«Математика» пәні бойынша 5 сағат сақталады	«Алгебра», «Геометрия» пәні бойынша 5 сағат қалады	Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін
		«Информатика» пәні бойынша 1 сағат сақталады		Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін
3	«Жаратылыстану» тарауында	5-6-сыныпта «Жаратылыстану» пәні бойынша 2 сағат сақталады	7-сыныпта 7 сағат ұсынылып отыр	Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін
4	«Технология және өнер» тарауында	«Музыка» 5 сыныпта 1 сағат берілді		Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін
			«Көркем еңбек» пәні бойынша 2 сағат берілді	Сағат саны теориялық пәндерді оқытуға жіберілді
Вариативтік компонент				
	«Жаһандық құзыреттілік» пәні бойынша	0,5 сағат қалып отыр		Әр сыныпқа қажетті оқу бағдарламасын меңгерту үшін

Кестеден көріп отырғанымыздай, жасалған өзгерістер біріктірілген сыныптардағы білім алушыларға сапалы білімді қолжетімді ету үшін маңызды.

Келесі кестеде «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» мен шағын жинақты мектептер үшін әзірленген нұсқа ұсынылып отыр.

17-кесте. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны		Жалпы жүктеме	
		10	11	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
Міндетті пәндер					
1.	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	6	216
2.	Геометрия	1	1	2	72
3.	Информатика	1	1	2	72
4.	Қазақ тілі	2	2	4	144
5.	Қазақ әдебиеті	2	2	4	144
6.	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	144
7.	Шетел тілі	3	3	6	216
8.	Қазақстан тарихы	2	2	4	144
9.	Дене шынықтыру	2	2	4	144
10.	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72
Таңдау бойынша пәндер					
Тереңдетілген деңгей		2 сағаттан 2 пән	2 сағаттан 2 пән	8	288
11.	Шетел тілі (екінші)				
12.	Дүниежүзі тарихы				
13.	География				
14.	Құқық негіздері				
Стандартты деңгей		2 сағаттан 2 пән	2 сағаттан 2 пән	8	288
15.	Физика				
16.	Химия				
17.	Биология				
18.	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері				
Инварианттық оқу жүктемесі		27	27	54	1944
Инварианттық компоненттен таңдау пәндері		4	4	8	288
Жаһандық құзыреттілік		1	1	2	72
Элективті курстар					
Дене шынықтыру: спорттық ойындар		1	1	2	72

Вариативтік компонент	6	6	12	432
Ең жоғарғы оқу жүктемесі	33	33	66	2376

Ескерту: ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар үшін жеке және топтық сабақтарға бөлінген сағаттар көлемінде түзету-дамыту сабақтары ұйымдастырылады.

ҰСЫНЫС

18-кесте. Шағын жинақты мектептердің 10-11-сыныптары үшін оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері	Жүктеме, сағат саны		Тірек және магнитті мектептерде өткізілетін сағат саны	Тірек мектепте өткізілетін сессияға енгізілген жүктемелік сағат саны			Тірек және магнитті мектептерде өткізілетін сағат саны	Тірек мектепте өткізілетін сессияға енгізілген жүктеме сағат санының тоқсандар бойынша бөлінуі. Инварианттық оқу жүктемесі тоқсандар						
		апталық	жылдық	Инварианттық оқу жүктемесі	Инварианттық оқу жүктемесі	Элективтік курстың оқу жүктемесі	Жаһандық құзыреттілік								
								1-модуль	2-модуль	3-модуль	4-модуль	1	2	3	4
1	Қазақ тілі	2	72	36	36	–	–	9	7	10	8				
2	Қазақ әдебиеті	3	108	72	36	–	–	9	7	10	8				
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	72	72	–	–	–	–	–	–	–				
4	Шетел тілі	3	108	108	–	–	–	–	–	–	–				
5	Алгебра және анализ бастамалары	3	108	108	–	–	–	–	–	–	–				
6	Геометрия	1	36	36	–	–	–	–	–	–	–				
7	Информатика	1	36	36	–	–	–	–	–	–	–				
8	Физика	1	36	36	–	–	–	–	–	–	–				
9	Химия	1	36	36	–	–	–	–	–	–	–				
10	Биология	1	36	36	–	–	–	–	–	–	–				
11	География	1	36	36	–	–	–	–	–	–	–				

12	Қазақстан тарихы	2	72	72	–	–	–	–	–	–	–
13	Дүниежүзі тарихы	2	72	36	36	–	–	9	7	10	8
14	Құқық негіздері	1	36	36	–	–	–	–	–	–	–
15	Өзін-өзі тану	1	36	36	–	–	–	–	–	–	–
16	Дене тәрбиесі	3	108	108	–	–	–	–	–	–	–
17	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	36	36	–	–	–	–	–	–	–
Инвариантты оқу жүктемесі		29	1044	936	108	0	0	27	21	30	24
Вариативті компонент											
Жаһандық құзыреттіліктер 4-модуль		1	36	–	–	–	36	–	–	–	–
Элективті курстар 3-модуль		7	252	–	–	136 (36x4)	108 (36x3)	36	28	40	32
Вариативтік оқу жүктемесі		8	288	–	–	136	136	36	28	40	32
Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі		37	1332	936	108	136	136	72	56	80	64

Шағын жинақты мектептің 10-11-сыныптары үшін оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша келесідей өзгерістер қарастырылады:

1. Пәндерді модульдерге бөліп оқыту
2. Тірек мектептерінде өткізілетін сессия жұмыстарын ұйымдастыру және т.б.

Кестеден көріп отырғанымыздай, жасалған өзгерістер біріктірілген сыныптардағы білім алушыларға сапалы білімді қолжетімді ету үшін маңызды.

Келесі кестеде «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» мен шағын жинақты мектептер үшін әзірленген нұсқа ұсынылып отыр.

19-кесте. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны		Жалпы жүктеме	
		10	11	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
Міндетті пәндер					
1.	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	288
2.	Геометрия	2	2	4	144
3.	Информатика	2	2	4	144
4.	Қазақ тілі	1	1	2	72
5.	Қазақ әдебиеті	2	2	4	144
6.	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	144
7.	Шетел тілі	2	2	4	144
8.	Қазақстан тарихы	1	1	2	72
9.	Дене шынықтыру	2	2	4	144
10.	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72
Таңдау бойынша пәндер					
Тереңдетілген деңгей		3 сағаттан 2 пән	3 сағаттан 2 пән	12	432
11	Физика				
12	Химия				
13	Биология				
14	География				
Стандартты деңгей		1 сағаттан 2 пән	1сағаттан 2 пән	4	144
15	Дүниежүзі тарихы				
16	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері				
17	Графика және жобалау				
18	Құқық негіздері				
Инварианттық оқу жүктемесі		27	27	54	1944
Инварианттық компоненттен таңдау пәндері		4	4	8	288
Жаһандық құзыреттілік		1	1	2	72

Элективті курстар	1	1	2	72
Дене шынықтыру: спорттық ойындар	1	1	2	72
Вариативтік компонент	7	7	14	504
Ең жоғарғы оқу жүктемесі	34	34	68	2448 Жүктеу

Ескерту: ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар үшін жеке және топтық сабақтарға бөлінген сағаттар көлемінде түзету-дамыту сабақтары ұйымдастырылады.

ҰСЫНЫС

19-кесте. Шағын жинақты мектептердің 10-11-сыныптары үшін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері	Жүктеме, сағат саны		Тірек және магнитті мектептерде өткізілетін сағат саны	Тірек мектепте өткізілетін сессияға енгізілген жүктемелік сағат саны			Тірек және магнитті мектептерде өткізілетін сағат саны	Тірек мектепте өткізілетін сессияға енгізілген жүктеме сағат санының тоқсандар бойынша бөлінуі. Инварианттық оқу жүктемесі			
		апталық	жылдық	Инварианттық оқу жүктемесі	Инварианттық оқу жүктемесі	Элективтік курстың оқу	Жаһандық құзыреттік	тоқсандар				
								1-модуль	2-модуль	3-модуль	4-модуль	1
1	Қазақ тілі	1	36	36	–	–	–	–	–	–	–	–
2	Қазақ әдебиеті	2	72	72	–	–	–	–	–	–	–	–
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	72	72	–	–	–	–	–	–	–	–
4	Шетел тілі	3	108	108	–	–	–	–	–	–	–	–
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	144	108	36	–	–	9	7	10	8	
6	Геометрия	2	72	36	36	–	–	9	7	10	8	
7	Информатика	2	72	36	36	–	–	9	7	10	8	
8	Физика	2	72	36	36	–	–	9	7	10	8	
9	Химия	2	72	36	36	–	–	9	7	10	8	

10	Биология	2	72	36	36	–	–	9	7	10	8
11	География	2	72	36	36	–	–	9	7	10	8
12	Қазақстан тарихы	2	72	72	–	–	–	–	–	–	–
13	Дүниежүзі тарихы	1	36	36	–	–	–	–	–	–	–
14	Құқық негіздері	1	36	36	–	–	–	–	–	–	–
15	Өзін-өзі тану	1	36	36	–	–	–	–	–	–	–
16	Дене тәрбиесі	3	108	108	–	–	–	–	–	–	–
17	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	36	36	–	–	–	–	–	–	–
Инвариантты оқу жүктемесі		33	1044	748	238	0	0	72	56	80	56
Вариативті компонент											
	Жаһандық құзыреттіліктер 4-модуль	1	36	–	–	–	36	–	–	–	–
	Элективті курстар 3-модуль	3	108	–	108			27	21	30	24
	Вариативтік оқу жүктемесі	4	144	–	108	36		27	21	30	24
	Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі	37	1332	238	108	36		90	80	100	80

Шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптары үшін әзірленген үлгіде келесідей бөлімдерде ұсынылады.

.....облысы аудандық білім бөлімі
«Тірек мектебі – магнитті мектептер»

Келісілді:

**Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы
Ауыл мектептерін және шағын
жинақты мектептерді дамыту
зертханасының меңгерушісі**

_____ **2023 жылғы** ____ _____

Бекітемін:

**Тірек мектебі – магнитті мектептің
директоры**

_____ **2023 жылғы** ____ _____

1-үлгі

«Тірек мектебі – магнитті мектеп» кешені Үйлестіру кеңесінің жоспары

№	мерзімі	Мазмұны	Жауапты
1	2023 жылғы Қыркүйек	1) Өткен оқу жылындағы тірек мектеп пен магнитті мектептердің жұмыстарына талдау жүргізу. 2) Тірек мектеп пен магнитті мектептердің жаңа оқу жылының жұмысын жоспарлау, бекіту. 3) Екі бейіндегі кафедралардың жұмыс жоспарын бекіту. 4) Тірек мектебі мен магнитті мектептердің тағайындаушы сессиясының және семестрлік жұмыстарын ұйымдастыру.	Тірек мектебінің директоры; Магнитті мектептердің супервайзерлері; Тірек мектебінің психологі
2	2024 жылғы Қаңтар	1) Тірек мектебі мен магнитті мектептердің тағайындаушы сессиясының жұмысын талдау. 2) Тірек мектебінің 10-11-сынып білім алушылары үшін зерттеу жұмыстарын қарастыру. 3) Тірек мектебі мен магнитті мектептердің білім алушыларына психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу. Социометрия.	Тірек мектебі директорының орынбасары; Әдістемелік кафедра меңгерушілері; Супервайзерлер; Тірек мектебінің психологі; Пән мұғалімдері

		4) Тірек мектебі мен магнитті мектептердің қысқы және жазғы оқу семестрлерін жоспарлау.	
3	Сәуір	1) Тірек мектебі – магнитті мектептің қысқы оқу сессияларының және семестрінің жұмысын талдау 2) Білім алушы портфолиосын жинақтау, Тірек мектебі білім алушылары үлгерімінің өлшемі мен көрсеткіштерін шығару. 3) Қолданбалы курстар пен таңдау курстары бойынша оқытудың нәтижелілігін зерделеу 4) Білім алушылардың әзірлеген зерттеу жобаларын талқылау 5) Тірек мектебі қорытынды оқу семестрін жоспарлау.	Тірек мектебінің директорының орынбасары; Әдістемелік кафедра меңгерушілері; Супервайзерлер; Тірек мектебінің психологі; Пән мұғалімдері.
4	Маусым	1) Өткен оқу жылындағы Тірек мектебі – магнитті мектептердің жұмысын талдау, есебін жазу 2) Өткізілген оқу семестрінің талдауын шығару, талқылау. 3) Мектептің 10-11-сынып білім алушыларының білімін рейтингілік бағалау. 4) Келесі оқу жылына міндеттерді қою, жұмыстарды жоспарлау.	Тірек мектебінің директорының орынбасары; Әдістемелік кафедра меңгерушілері; Супервайзерлер; Тірек мектебінің психологі; Пән мұғалімдері.

Тірек мектебі директорының орынбасары

/ _____ /

2-үлгі

Бағдарлы оқыту бағыттары бойынша модульдерді сессия және сессия аралық кезендерге бөлуге арналған нұсқаулар

Кезендер	Модульдер	Мазмұны	Мерзімі
Сессия аралық кезең. (I тоқсан)	I модуль. Базалық білім II модуль. Бағдарлы білім III модуль Қолданбалы курс IV модуль Таңдау курстары	Пәндер бойынша оқу бағдарламалары мен оқу мақсаттарын меңгерту. Бағдарлы пәндер бойынша білім алушы білімін кеңейту және тереңдету. Білім алушының қалауы бойынша курсты таңдауы, бекіту, курстың I модулі бойынша зерттеу кеңейту жолдарын қарастыру, жоба тақырыбын анықтау.	2023-жылғы қыркүйек – қазан

1-сессия	II модуль. Бағдарлы білім III модуль. Қолданбалы курстар IV модуль. Таңдау курстары	Практикалық, лабораториялық, шығармашылық-зерттеу тапсырмаларын орындау. Жобалау әрекетіндегі зерттеудің I кезеңін жүзеге асыру.	1-тоқсанның соңы
Сессияаралық кезең (II тоқсан)	I модуль. Базалық білім II модуль. Бағдарлы білім III модуль Қолданбалы курс IV модуль Таңдау курстары	Пәндер бойынша оқу бағдарламалары мен оқу мақсаттарын меңгерту. Бағдарлы пәндер бойынша білім алушы білімін кеңейту және тереңдету. 1. Жобалау әрекетіндегі зерттеудің I кезеңі бойынша дербес маршрутты парақтар әзірлеу, нұсқаулар бойынша әрекет ету. 2. Білім алушының күнделігін жүргізу. 3. Жұмыс портфолиосын жинақтау. 4. Білім алушы әрекетіне талдау (түзету, кеңес беру).	қараша – желтоқсан
2-сессия	II модуль. Бағдарлы білім III модуль. Қолданбалы курстар IV модуль. Таңдау курстары	Практикалық, лабораториялық, шығармашылық-зерттеу тапсырмаларын орындау. Жобалау әрекетіндегі зерттеудің II кезеңін жүзеге асыру. I кезеңнің білім алушы портфолиосын бағалау.	2-тоқсанның соңы
Сессия аралық кезең (III тоқсан)	I модуль. Базалық білім II модуль. Бағдарлы білім III модуль. Қолданбалы курстар IV модуль. Таңдау курстары	Пәндер бойынша оқу бағдарламалары мен оқу мақсаттарын меңгерту. Бағдарлы пәндер бойынша білім алушы білімін кеңейту және тереңдету. 1. Жобалау әрекетіндегі зерттеудің I кезеңі бойынша дербес маршрутты парақтар әзірлеу, нұсқаулар бойынша әрекет ету. 2. Білім алушының күнделігін жүргізу. 3. Жұмыс портфолиосын жинақтау.	2024 жылғы Қаңтар – Наурыз
3-сессия	II модуль. Бағдарлы білім III модуль. Қолданбалы курстар IV модуль. Таңдау курстары	Практикалық, лабораториялық, шығармашылық-зерттеу тапсырмаларын орындау. Жобалау әрекетіндегі зерттеудің III кезеңін жүзеге асыру. Білім алушы портфолиосының рейтингісін шығару, бағалау	3-тоқсанның соңы
Сессия аралық кезең (IV тоқсан)	I модуль. Базалық білім II модуль. Бағдарлы білім III модуль. Қолданбалы курстар IV модуль. Таңдау курстары	Пәндер бойынша оқу бағдарламалары мен оқу мақсаттарын меңгерту. Бағдарлы пәндер бойынша білім алушы білімін кеңейту және тереңдету. Жоба жұмыстарын қорғауға дайындау, рәсімдеу.	сәуір – мамыр
4-сессия	II модуль. Бағдарлы білім III модуль. Қолданбалы курстар IV модуль. Таңдау курстары	Практикалық, лабораториялық, шығармашылық-зерттеу тапсырмаларын орындау. Жобаларды қорғау. Өнімді бағалау. Рефлексия	4-тоқсанның соңы

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша модульдердің мазмұны мен құрылымын анықтауға нұсқау

Модульдің мақсаты	Мазмұны	Оқытудың әдіс-тәсілдері	Нәтижесі
I модуль			
Базистік оқу жоспарының базалық (инвариантты) бөлігіндегі білім мазмұнын меңгерту	Пәндер бойынша оқу тақырыптары мен мақсаттарына кіру	Дәстүрлі оқыту; Зерттеу әрекеттерінің элементтерін қолдану 3. 10 балдық жүйемен бағаланады.	Білім алушының пән бойынша білім, білік дағдылары, пәндік құзырлығы, функционалдық сауаттылығы қалыптасады
II модуль			
Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы міндетті деңгейдегі бағдарлы пәндер мазмұнын қамтамасыз ету	Бағдарлы пәндер бойынша білім алушының білімін кеңейту және тереңдету және практикалық, шығармашылық-зерттеу тапсырмаларын орындау	1. Интерактивті; 2. 10 балдық жүйемен бағаланады.	Білім алушының пәндік құзырлығы қалыптасады. Өзін-өзі бағалау (портфолио) жүргізіледі
III модуль			
Қолданбалы курстар. Мектеп компоненті. Білім алушы дамуының жеке тұлғалық сипатын айқындау, олардың өзіндік ерекшеліктерін, кәсіпалды дамуын қамтамасыз ету	Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруды ұйымдастыру формасы, білім алушылардың білімін жалғастыруына және тереңдетуіне, сондай-ақ практикалық дайындығын арттыруға ықпал ету	1. Интерактивті: Семинар-тренинг, жобалау, қашықтан оқыту; 2. Баға қойылмайды. Рейтинг	Портфолио (ғылыми-зерттеу жұмыстары, рейтингтік бағалау, жобаны қорғау)
IV модуль			
Таңдау курстары. Білім алушылардың өзіндік дамуын, жеке тұлғаға бағдарлануын қамтамасыз ету	Біріншіден: бағдарлы пәндердің нақты саласы бойынша; екіншіден, бағдарлы пәндер мазмұнынан өзгеше және білім алушылардың білімге қызығушылығын қанағаттандыратын басқа да	1. Интерактивті: семинар-тренинг, жобалау, қашықтан оқыту. 2 Білім алушының өздігінен білім алуын, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру. Баға қойылмайды. Рейтинг.	Портфолио (рефераттар, жоба, эссе, шығарма т.б.)

	бағыттар бойынша білім беруді жүзеге асыру	
--	--	--

Тірек мектебінің директоры

4-үлгі

Білім алушылармен жүргізілетін жоба жұмысын іске асыру алгоритмін әзірлеуге нұсқау

Сессияның мақсаты	Міндеттері	Күтілетін нәтижесі
Күзгі сессия		
Мақсаты: білім алушылардың ақпарат көздерімен жұмысты ұйымдастыра алу қабілеттерінің дамуына қолайлы орта құру	- білім алушының кітапханаға барып, картотека бойынша жұмыс жасай білуге қажетті біліктілік дағдыларының қалыптастыру; - баспасөз материалдарымен жұмыс жай алу машығын арттыру; - ақпараттық ізденісті жоспарлай білуді дамыту; - ақпарат көздерімен жұмысты ұйымдастыра аруды қалыптастыру	бір және бірнеше дереккөзден ақпарат ала алуы; - алынған ақпаратқа сыни қорытынды жасай білуі; - шешім қабылдауға қажетті ақпараттарды анықтауы; - сәйкес ақпараттарды тіркеу, пайдалана білу; - қажетті ақпарат көздерін анықтау; - интернеттен қажетті сайты анықтау, ақпарат алу және т.б.
Сессияаралық кезең	Жобалау әрекетіндегі зерттеудің I кезеңі бойынша: 1. Дербес маршрутты парақтар, нұсқаулар бойынша әрекет ету; 2. Білім алушы күнделігін жүргізу; 3. Жұмыс портфолиосын жинақтау; 4. Білім алушы әрекетіне талдау жүргізу	
Қысқы сессия		
Мақсаты: жиналған ақпаратты, алынған нәтижені сараптау, нақтылау және оны қайта қарау арқылы білім алушының сараптамалық, модельдеу, зерттеушілік мәдениетін дамытуға жағдай жасау	- білім алушылардың алға қойылған міндеттерін шешу біліктіліктерін қалыптастыру; - алынған ақпарат нәтижелеріне аналитикалық талдау жасау машығын қалыптастыру; - мәселені анықтау және оны шешу жолдарын жоспарлау дағдысын жетілдіру және т.б.	- ақпаратты мазмұнына қарай топтасырады; - ақпаратты ұсыну түріне қарай іріктейді; - бар ақпараттың күтілетін нәтижедегі орнын анықтайды; - толықтырушы ақпарат іздеудің жоспарын құрады: а) дереккөзін іздейді; б) ізденіс жолын қарастырады.
Сессияаралық кезең	Жобалау әрекетіндегі зерттеудің II кезеңі бойынша: 1. дербес маршрутты парақ, нұсқаулар бойынша әрекет ету; 2. Білім алушы күнделігін жүргізу;	

3. Жұмыс портфолиосын жинақтау		
Көктемгі сессия		
Мақсаты: ғылыми зерттеудің теориялық және эмприкалық әдістерін меңгере отырып, өмірлік мәселелерге бағдарлануға, кәсіби құндылықтарды түсінуге, өзінің кәсіби мүмкіндіктерін бағалауға қабілеттілігін дамыту	- ақпараттарды қандай контексте жазылғандығын салыстыру қабілетін дамыту; - ғылыми проблемаға қажетті деректерді іріктеу, зерттеуде қолдану дағдысын қалыптастыру; - дәйектерді, деректерді мен мәтіндерді абстракциялау, оларды ой елегінен өткізу, бағалау қабілеттерін ұштау	- ақпараттың күтілетін нәтижедегі орнын анықтап алу; - ақпаратты ұсыну түріне байланысты жүретін әрекетті қорыту, нәтижесін шығару; - алынған өнімді рәсімдеуге дайындау; - жоба жұмысының нәтижесіне талдау жасау.
Сессияаралық кезең	Жоба жұмыстарын қорғауға дайындау, рәсімдеу	
Жазғы сессия		
Мақсаты: алынған нәтижені талдау, жүйелеу, жинақтау құзырлығын қалыптастыру	- өнімнің жоспарлы сәйкестігіне қорытынды жасау, қолданылған әрекеттің бірізділігі мәнін түйсіну қабілетін шыңдау; - өнім сипаттамасын алдын ала қойылған бағалау критерийін ескере, жазу машығын дамыту; өнім нәтижесіне сыни тұрғыдан баға беру қабілетін кеңейту	- жоба жұмысының нәтижесіне талдау жасай алуы; - жоба жұмысында меңгерген біліктерін басқа әрекет түрлерінде қолдана алатынын көрсетуі; - келесі жаңа мәселерді көрсете білуі

Тірек мектебінің директоры

5-үлгі

Қолданбалы және таңдау курстары негізінде білім алушылардың жобалаушылық, зерттеушілік әрекеттерін дамыту жұмыстарын ұйымдастыру кезендерін анықтауға нұсқау

Кезеңдер	Ізденіс жұмысының мазмұны
2023 жылғы қыркүйек – сессияалды жұмыстар	Білім алушының қалауы бойынша курсты таңдауы, бекіту, курстың I модулі бойынша зерттеу кеңейту жолдарын қарастыру, жоба тақырыбын анықтау
Күзгі сессия	Жобалау әрекетіндегі зерттеудің I кезеңін жүзеге асыру
Сессияаралық жұмыс	Жобалау әрекетіндегі зерттеудің I кезеңі бойынша

	<ol style="list-style-type: none"> 1. Дербес маршрутты парақтар, нұсқаулар бойынша әрекет ету; 2. Білім алушы күнделігін жүргізу; 3. Жұмыс портфолиосын жинақтау; 4. Білім алушы әрекетін талдау.
Қысқы сессия	Жобалау әрекетіндегі зерттеудің II кезеңін жүзеге асыру; I кезеңнің білім алушы портфолиосын бағалау
Сессияаралық жұмыс	Жобалау әрекетіндегі зерттеудің II кезеңі бойынша: <ol style="list-style-type: none"> 1. Дербес маршрутты парақ, нұсқаулар бойынша әрекет ету; 2. Білім алушы күнделігін жүргізу; 3. Жұмыс портфолиосын жинақтау
Көктемгі сессия	Жобалаудағы зерттеудің III кезеңін жүзеге асыру. Білім алушы портфолиосының рейтингісін шығару, бағалау
Сессия аралық кезең	Жоба жұмыстарын қорғауға дайындау, рәсімдеу
Жазғы сессия	Жобаларды қорғау. Өнімді бағалау. Рефлексия

Тірек мектебінің директоры

Жалпы білім беру ұйымдарында сабақтың ұзақтығы 45 минуттан аспауы тиіс. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін бірте-бірте арттыра отырып, оқу сабақтарының «сатылы» режимін қолданады. Қыркүйекте үш сабақ 35 минуттан, қазаннан бастап 45 минуттан жоспарланады. Сабақтарда дене шынықтыру минуттарын және көзге арналған жаттығулар өткізіледі.

Бірінші сынып білім алушылары үшін бір жыл ішінде қосымша бір апталық демалыстар болуы тиіс.

Жалпы білім беру ұйымдарындағы апталық оқу жүктемесі осы Санитариялық қағидаларға келесі кестеде көрсетілген нормалардан аспауы тиіс.

Кестедегі сабақтар саны ата-аналар комитетімен келісіледі.

Жалпы білім беретін ұйымдардағы апталық оқу жүктемесі

Сынып	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жүктеме сағатпен, аптасына												
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Ең көп оқу жүктемесі	22	24	25	29	29	33	33	34	36	38	39	39

Бастауыш мектепте қосарланған сабақтарды өткізуге жол берілмейді.

Сабақ кестесін жасаған кезде бір күн және бір аптаның ішіндегі білім алушының ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескеріледі және осы Санитариялық қағидаларға келесі кестеге сәйкес қиындығы бойынша пәндерді саралау кестесі пайдаланылады.

Қиындығы бойынша пәндерді саралау кестесі

№	Пән	Балл саны
1	2	3
1	Математика, орыс тілі (қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін), Математика, қазақ тілі (қазақ тілінде оқытпайтын мектептер үшін)	11
2	Шет тілі, пәндерді шет тілінде оқу	10
3	Физика, химия, информатика, биология	9
4	Тарих. Адам. Қоғам. Құқық.	8
5	Қазақ тілі, әдебиет (қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін) Орыс тілі, әдебиет (қазақ тілінде оқытпайтын мектептер үшін)	7
6	Жаратылыстану, география, өзін-өзі тану, алғашқы әскери дайындық	6
7	Дене шынықтыру	5
8	Еңбек, технология	4
9	Сызу	3
10	Бейнелеу өнері	2
11	Ән сабағы	1

Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалады. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың саны барынша аз күндері жоспарланады.

Күн сайынғы оқу жиынының салмағы:

1-3-сыныптардың білім алушылары үшін – 1,5-2,0 килограмм (бұдан әрі – кг);

4-5-сыныптардың білім алушылары үшін – 2,0-2,5 кг;

6-7-сыныптардың білім алушылары үшін – 3,0-3,5 кг;

8-11(12)-сыныптардың білім алушылары үшін – 4,0-4,5 кг - нан аспауы тиіс.

Сабақ кестесі оқу портфелінің немесе аспалы сөмкенің (рюкзактың) салмағынсыз күн сайынғы оқу жиынының (оқулықтар, ОӘК және жазу құралдары) гигиеналық нормативтерін ескере отырып құрылады.

Жалпы білім беру ұйымдарының барлық түрінде білім алушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут, үлкен үзіліс (2-ші немесе 3-ші сабақтан кейін) 30 минутты құрайды. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс жасауға жол беріледі.

Үзілістерді таза ауаны барынша көп пайдаланып, қозғалыс ойындарымен өткізеді.

Ауысымдар арасында ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 40 минут үзіліс көзделеді.

Мектепалды сыныптардағы сабақтардың барынша рұқсат етілген саны – ұзақтығы 25-30 минуттан болып төрт сабақтан аспайды. Сабақтар арасындағы үзілістер кемінде 10 минутты құрайды.

Мектепалды сыныптарда және мектептерде тікелей бейнетерминалмен, дербес компьютермен, планшетті дербес компьютермен және ноутбуктермен сабақтардың үздіксіз ұзақтығы оқу сағаты ішінде:

- 1) мектепалды, мектепке дейінгі топтарда (сыныптарда) және 1 сыныптарда – 15 минуттан аспайды;
- 2) 2-3 сыныптарда – 20 минуттан аспайды;
- 3) 4-5-сыныптарда – 25 минуттан аспайды;
- 4) 6-8 сыныптарда – 25 минуттан аспайды;
- 5) 9-11 (12) сыныптарда – 30 минуттан аспайды.

Жалпы білім беретін ұйымдардағы үй-жайлардың (сыныптар, оқу кабинеттері) ауданы оқытудың аралас нысандарында (фронтальды және топтық) бір білім алушыға шаққанда 2,5 шаршы метр (бұдан әрі – м²) нормасы белгіленеді. Халықаралық мектептерді (сыныптар, оқу кабинеттері) жобалау кезінде үй-жайлар алаңының нормасы жобалауға арналған тапсырмамен немесе «Стандарттау туралы» және «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген тәртіппен және халықаралық шарттарда, өңірлік стандарттарға немесе шет мемлекеттердің стандарттарына сәйкес белгіленеді. Технологияны және еңбекті зерделеу шеберханаларының, сондай-ақ бағыттар бойынша саралап оқытуға арналған мамандандырылған шеберханалардың ауданы бір білім алушыға шаққанда 3,75 м².

Оқу кабинеттері мен дәрісханалары үй-жайларының ауданы:

- 1) 12 – 15 орын үшін 1 білім алушыға 2,5 м²;
- 2) 16 – 25 орын үшін 1 білім алушыға 2,2 м²;
- 3) 26 – 49 орын үшін 1 білім алушыға 1,8 м²;

- 4) 50 – 75 орын үшін 1 білім алушыға 1,5 м²;
- 5) 76 – 100 орын үшін 1 білім алушыға 1,3 м²;
- 6) 100 – 150 орын үшін 1 білім алушыға 1,2 м²;
- 7) 150 – 350 орын үшін 1 білім алушыға 1,1 м²;
- 8) 350 және одан артық орын үшін 1 білім алушыға 1,0 м² болып айқындалады.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің саны объектінің жобалық сыйымдылығынан аспауы тиіс. Қашықтықтан оқыту нысаны бойынша білім алушылардың саны жалпы санға енгізілмейді.

Әрбір ауысымда 1 білім алушыға шаққандағы аудан нормалары және осы Санитариялық қағидалардың талаптары сақталған жағдайда оқудың екі ауысымдық режимін ұйымдастыруға жол беріледі.

Спорт залының жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылады және торлармен жабылады немесе еденнен биіктігі 2,4 метрде (бұдан әрі – м) орналастырылады. Терезелерде және жарықтандыру аспаптарында қоршау құрылғылары көзделуі тиіс.

Барлық үй-жайлардағы еденнің беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған болуы тиіс.

Оқу үй-жайларындағы, кабинеттердегі және рекреациялардағы еденнің тақтай немесе паркет төсемі болуы тиіс. Едендерге ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға жол беретін синтетикалық полимерлі материалдар, жылы линолеум төсеге болады.

Спорт залының едені ағаштан болуы немесе арнайы төсемі болуы, еденнің беті тегіс, саңылаусыз және ақаусыз болуы тиіс.

Еңбекке баулу шеберханаларындағы еден механикалық әсерге төзімді, химия кабинеттері мен зертханаларында – химиялық реагенттерге төзімді материалдан жасалады.

Объектілер жеке тұрған ғимаратта немесе бірнеше жекелеген ғимараттарда пайдаланылады.

Объектілерді бейімделген ғимараттарда, ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларда пайдалануға жол беріледі. Жалпы білім беру ұйымдарын бейімделген ғимаратта пайдаланған кезде оқу үй-жайларының және кабинеттердің есептік сыйымдылығы 1 білім алушыға шаққанда 2,5 м² аудан нормасы ескеріле отырып айқындалады.

Объектілерді тұрғын үй ғимараттарында, ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларда орналастыру сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтермен айқындалады.

Көп пәтерлі тұрғын үйдің бірінші қабатында пайдаланылатын объектілердің тұрғын үйдің кіреберісімен қосылмаған бөлек есігі болуы тиіс.

Объектінің жертөле және цокольдық қабаттарындағы үй-жайлар сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес орналастырылады.

Оқу үй-жайларын үзілістер кезінде, рекреациялық үй-жайларды сабақ уақытында желдетеді. Сабақ басталғанға дейін және олар аяқталғаннан кейін оқу үй-жайларында өтпелі желдету жүзеге асырылады. Өтпелі немесе бұрыштан желдетуді білім алушылар мен тәрбиеленушілер болмаған кезде жүргізеді. Өтпелі желдетуді дәретхана үй-жайлары арқылы жүргізбейді.

Станоктарда және тетіктерде жұмыс істеу жылу мен шаңның көп мөлшерінің бөлінуімен байланысты болатын шеберханалар сору-сыртқа тарту желдеткішімен және жергілікті шаңұстағыштармен және сыртқа тарту құралдарымен жабдықтайды.

3. БІРІКТІРІЛГЕН СЫНЫПТАРЫ БАР ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Зерттеулер көрсеткендей, шағын жинақты мектептегі біріктірілген сыныптарда сабақ жоспарын икемді құрған және педагогке ыңғайлы маңызды.

Сондықтан педагог оны жоспарлауда ерекше мұқият болуды талап етеді. Ол үшін сабақтарды жиынтыққа дұрыс бөлу, кесте құру, оқу материалын жоспарлау және оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы ретінде сабақты ұйымдастыру қажет.

Сабақтың міндетті элементтері – бір сыныпта отырған білім алушылардың өзіндік жұмысын және педагогтің басқа сынып білім алушыларымен тікелей жұмысын ұйымдастыру. Біріктірілген сыныпта аралас сабақ әдісін ең көп және жиі қолданылады, өйткені сабақтың басқа түрлері ұйымдастыруда өте күрделі және аз қабылданады. Сыныптарды біріктіріп оқыту барысында әр сыныпта жаңа материалды үйренуі тиіс. Сондықтан, біріктірілген барлық сыныптарда жаңа материалды зерттейтін сабақ, сыныптағы білім алушылардың өзіндік жұмысынан және педагогтің кіші сынып білім алушыларымен тікелей жұмысынан басталады. Бастауыш жоғары сыныптағы өзіндік жұмыс әдетте білім алушылардың жаңа материалды үйренуге дайындығымен алдында өткен материалмен тығыз байланысты. 15-20 минутқа созылатын жоғары сыныптағы өзіндік жұмыс кезінде педагог кіші сыныпта жаңа материалмен жұмыс ұйымдастырады және 15 минутқа дейін өздігінен жұмыс істеуге тапсырма беру ұсынылады. Содан кейін білім алушы жоғары сыныпқа ауысады, орындалған өзіндік жұмыстың нәтижелерін тексереді және сыныптағы және үйдегі өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмалармен аяқталатын жаңа материалды зерттеу жұмысын ұйымдастырады. Қалған уақытта педагог бастауыш сынып білім алушылардың өзіндік жұмысының нәтижесін тексереді, қосымша жаттығулар мен үйге тапсырма береді.

Ұқсас тақырыптар бойынша бір сыныпта жаңа материал зерттелген, ал екінші сыныпта өткен материал қайталанған және бекітілген жағдайда немесе екі сыныпта бұрын зерттелген материал бекітілген кезде екі сыныпты сабақтар жоспарланады және өткізіледі. Мұндай жағдайларда сабақ педагогтің сол сынып білім алушыларымен тікелей жұмысынан басталады. Бұнда білім алушылардың өзіндік жұмысын тезірек және оңай ұйымдастыруға болады.

Үш немесе төрт сыныппен бір уақытта сабақтарды жоспарлау және өткізу кезінде сабақтағы уақытты бөлу негізінен әрбір жеке сыныптағы жұмыс мазмұнының күрделілік дәрежесімен және білім алушылардың дайындық деңгейімен анықталады. Педагогтің оқу материалы күрделірек сыныппен жұмыс істеуі көп уақытты алады.

Осылайша, педагог білім алушылармен тікелей жұмысы және білім алушылардың өзіндік жұмысы *ажырамас бірлікті* құрайды; әрбір өзіндік жұмыс алдыңғы жұмысты жалғастыруы немесе келесі жұмысты дайындауы керек. Нәтижелі өзіндік жұмыс бола отырып, ол оқу мақсатына жетуге ықпал ете алады.

Білім алушылармен тікелей жұмыс барысында педагог өздігінен жұмыс дайындайды, оған нұсқаулар береді және білім алушылардың тапсырмаларды дұрыс орындай алатынына көз жеткізеді. Көбінесе педагогтің сабаққа жеткіліксіз дайындығы осындай «өзіндік жұмысқа» әкеледі, оның мәні білім алушыларды ұзақ уақыт «бос ұстау» және педагогке басқа сыныппен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Мұндай жағдайларда оқу мақсаты орындалмайды. Демек, мұғалім әр сабаққа дайындық кезінде өзіндік жұмысты ұйымдастыруды әдістемелік тұрғыдан дұрыс ойластыруы керек, бұл оқу процесінің бөлігі ретінде мүмкін болатын жақсы нәтижелерге әкеледі.

Әдіскерлер, әдетте, бастауыш сынып білім алушыларынан жана материалды өздігінен оқуды талап етпейтіні дұрыс. Сондықтан, осы сыныптардағы өзіндік жұмыс алынған білімді бекіту, сондай-ақ оларды қолдануға үйрету, тапсырмаларды өздігінен орындау дағдылары мен машықтарын қайталау және дамыту мақсатында жүзеге асырылады.

Осылайша, сынып-жинақ білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін басқару – педагогтен интеллектуалды және физикалық күштердің үлкен шиеленісін, жоғары педагогикалық шеберлікті, кәсібилікті, оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін, тәсілдері мен құралдарын таңдауда ерекше икемділікті талап ететін өте күрделі міндет. Шынында да, сабақтың әр сәтінде педагог жалпы бүтінді де, оның жеке бөліктерін де жүзеге асыруы керек, сонымен бірге бір сыныптың жұмысын және басқа сынып білім алушыларының өзіндік жұмысын тікелей басқаруы керек. Сондықтан педагог сабаққа 2-3 есе көп дайындалып, сабақты біртұтас етіп біріктіруі керек, осылайша педагогикалық әсер оңтайлы болады.

Сыныптардың аздығы (1-3-тен 10 білім алушыға дейін) – кез келген типтегі шағын мектептің маңызды ерекшелігі.

Шағын жинақты мектептің пән мұғалімі педагогикалық еңбектің өте қиын жағдайында. Ол өзі дайындаған сабақты «сабақтың барысында» қайта құрып, оның түрін, құрылымын, сабақта қандай немесе қандай білім алушылар болмайтынына байланысты білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің түрлерін өзгерту қажет болатындығына психологиялық тұрғыдан дайын болуы керек. Бұл дегеніміз, шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарында педагогикалық ойлауы икемді, жоғары көрсеткіштері, жүйке жүйесінің тұрақтылығы бар мұғалім ғана тиімді жұмыс істей алады.

Алайда, шағын сыныптың кері тұстарына келесілерді жатқызуға болады: ұжымдық жұмысты ұйымдастырудың қиындығы, себебі білім алушылар жасы әртүрлі болғандықтан. Эмоционалды фактор өте төмен. Бастауыш мектеп сыныптарындағы оқытудың ерекшелігі – білім алушылардың ұзақ уақыт бойы сабақта сөйлеуге, пайымдауға, өз ойларын айтуға және білдіруге, басқаларды тыңдауға мүмкіндігі аз екендігі туралы тұжырымдармен келісу керек.

Дегенмен, шағын жинақты мектептердегі біріктірілген сыныптардың болуының көптеген жағымды жақтары да бар:

<p>Дескриптор: <u>4-сынып</u> -сөйлемдегі бос орынға тиісті сөзді қойып жазады; -тәжірибеде нені зерттегенін анықтайды; -зерттеу болжамын жазады; <u>2-сынып</u> -сөйлемдер қай суретке сәйкес келетінін анықтайды, жазады; -бос орынға сурет салады;</p> <p>Соңы 10 мин</p> <p>Сабақты бекіту</p> <p><i>4-тапсырма</i> Қ/Б Смайликтер арқылы бағалау «Жарайсын», «Жақсы», «Талпын»</p> <p>Бағалау</p>	<p>3-топ:Құм Дескриптор: -тұздың суда еритінін анықтайды; -саздың суда нашар еритінін анықтайды; -құмның суда ерімейтінін анықтайды; -ерітінділердің қайда қолданылатынын түсіндіреді;</p> <p>3-тапсырма Жинақтау Дәптермен жұмыс</p> <p>2-сынып ӨЖ.28-жұмыс парағы. Дұрысын таңда. Білім алушылардың табиғатта ішуге жарамды ең таза су қайда болатынын еске түсіреміз. Таза судың қасиеттерін бояндар. <i>Жауап:</i> Құдықты қоршап сызу керек. «Иісі жоқ», «дәмі жоқ», «мөлдір», «түссіз» сөздерін боуы қажет.</p> <p>4-сынып МЖ. 58-жұмыс парағы. Сөйлемдерді толықтыр.Бос орынға керекті сөздерді қойып жаз.Эвриканың нені зерттегенін анықта.Зерттеу болжамын жаз.</p> <p>59-жұмыс парағы. ӨЖ. Күнделікті өмірде ерітінділердің не үшін қолданылатынын анықта,жаз.Су туралы мақал-мәтелдерді жалғастырып жаз</p> <p>III.КІРІКТІРІЛГЕН БӨЛІМ Рефлексиялық- бағалау кезең 4-тапсырма Сауалнама</p> <p>2-сынып 4-сынып</p> <p>1.Судың қасиеттерін белгіле 1.Судың қасиеттерін белгіле а) ақ ә)мөлдір б)сұр а) ақ ә)мөлдір б)сұр</p> <p>2.Теңіз суы ... 2. Теңіз суы... а)тұзды ә) құмды б) дәмі жоқ а)тұзды ә) құмды б) дәмі жоқ</p> <p>3. Судың дәмі... 3. Су табиғатта неше күйде кездеседі? а)болады ә)болмайды б)белгісіз а) 2 ә)4 б)3</p> <p>4. Тіршілік көзі... 4.Судың қатты күйі қалай аталады? а) от ә) су б) білім а) бу ә) мұз б) су</p> <p>5. Суда еритін затты белгіле а) қант ә)тас б)құм</p> <p>6. Суда ерімейтін затты белгіле а) тұз ә)құм б)қант</p>	<p>Жұмыс дәптері</p> <p>Тест сұрақтары жазылған парақшалар</p> <p>Смайликтер</p>
--	--	--

	<p>Бағалау. Сабаққа белсене қатысқан білім алушыларды смайлик беру арқылы бағалаймын. «Бес бармақ» әдісі</p>	
<p>Кері байланыс</p> <p>Үйге тапсырма</p>	<div style="border: 1px solid black; padding: 10px; background-color: #ffffcc;"> <p style="text-align: center;">КЕРІ БАЙЛАНЫС</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;">  <div style="font-size: small;"> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Егер саған сабақ ұнаса және тапсырманың барлығын сәтті орындаған болсаң, желкенді жасыл түске боя; <input type="checkbox"/> Егер сен сабақта белгілі бір қиындықты кездестірген болсаң, желкенді сары түске боя; <input type="checkbox"/> Егер саған сабақ барысында тапсырмаларды орындау қиын болып, мұғалімнің көмегі қажет болса, желкенді қызыл түске боя. </div> </div> <p style="text-align: center; font-size: small;">Егер қаласаң, кемеңі де бояуыңа болады</p> </div> <p>2-сынып. Дәптермен жұмыс. 29-жұмыс парағы .Оқулықтан 44-45 бет ,оқу</p> <p>4-сынып Дәптермен жұмыс. 59-жұмыс парағы .Оқулықтан 74-75 бет ,оқу</p>	<p>Кері байланыс парағы</p>

Біріктірілген сыныптардағы біртақырыптық сабақтардың ерекшеліктері

Шағын жинақты мектептің оқу үдерісін ұйымдастыруда бірқатар қиындықтар кездесетіні жасырын емес. Өйткені бұл үлгідегі мектепте мұғалім бір мезгілде екі сыныппен қатар жұмыс істейтіндіктен, сабақтың өзіндік ерекшелігі болады. Осы ерекшелікке байланысты оқу үдерісі бір мезгілде екі сыныпта бірдей ұйымдастырылады. Сондықтан екі, үш сыныптың бір мезгілде қатар оқытылуы білім алушыларға да, педагогтерге де психологиялық және әдістемелік тұрғыдан қолайсыздық туғызады.

Шағын жинақты мектептердегі оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімділігі төмендегі жағдайларға байланысты:

- сыныптарды біріктірудің педагогикалық ұтымдылығы мен дұрыстығы;
- сабақ кестелерінің оңтайлы құрылуы;
- тәрбие мен оқытудың тиімді әдістері мен түрлерін таңдау, оларды оқыту үдерісінде дұрыс үйлестіру және ұтымды пайдалану;
- сабақтың белгіленген мақсатқа сай неғұрлым тиімді құрылуын анықтау;
- оқу-тәрбие жұмысының сабақ үстіндегі және сабақтан тыс түрлерін дұрыс үйлестіру;
- білім алушылардың өзіндік жұмысы мен педагогтермен атқаратын жұмысының ұтымды алмастырылуы;
- білім алушылардың бойында білім алу және өздігінен оқып білу дағдыларын қалыптастыруға баса назар аудару;
- білім алушылардың білімі мен тәрбиелілік деңгейлері дамуының ғылыми диагностикасы;

- білім алушылардың білім, біліктерін ізгілікті педагогикалық ұстанымдарға негізделген жүйелі бақылау.

Екі, үш сыныппен жүргізілетін сабақ сапалы болуы үшін сабақ кестесінде пәндерді қалай болса солай қоса салуға болмайды. Екі сыныпта екі түрлі пәнді жүргізгеннен гөрі сабақты бір пән бойынша өткізген жеңіл болатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Өйткені пәндерді біріктіріп жүргізгенде, педагог білімнің бір саласынан екінші бір саласына көшпей, оның назары бір пәнге бағытталады. Бірпәндік оқыту жүйесі іс жүзінде біртақырыптық сабақтар жүргізуге мүмкіндік беретінін атап өткен жөн.

Қазіргі шағын жинақты мектеп тәжірибесінде мұндай сабақтарды ұйымдастырудың тиімділігі арта түсуде. Осыған орай, шағын жинақты мектеп педагогтері оқыту үдерісін мүмкіндігінше біртақырыптық жүйеде құрастырғаны дұрыс. Өйткені белгілі бір ортақ тақырып бойынша барлық сыныпқа бірдей бір мезгілде түсіндірген педагогке де, білім алушыға да тиімді.

Біртақырыптық сабақтар дегеніміз – бір пән ішіндегі мазмұны ұқсас тақырыптарды екі сыныпта қатарынан оқыту. Біртақырыптық сабақтарды ұйымдастырудың бірқатар артықшылығы қарастырылды. Біріншіден, шағын жинақты мектептің төменгі сынып білім алушыларының оқуға деген ықыласын табысты дамытуға жағдай жасайды. Екіншіден, біртақырыптық сабақтарды өткізгенде, білім алушылардың оқу әрекетін табысты жоспарлау білігі, бірін-бірі тексеру немесе өзін-өзі бақылау кезінде жұмыстың барысын бақылау, яғни білім алушыны өзіндік жұмыстарға даярлығын анықтайтын біліктер қалыптасады. Үшіншіден, біртақырыптық сабақтар білім алушы сөйлеу мәдениетін қалыптастырады, жолдастарының жауаптарын тыңдау, диалог жүргізу мәдениетіне үйретеді, сөйлеу қабілеттерін дамытады. Осыған байланысты сөйлеу қарым-қатынасының аясы кеңейеді, бұл, әсіресе, шағын жинақты мектептер жағдайында өте маңызды. Төртіншіден, біртақырыптық сабақтар практикалық және оқу әрекеттерінде ұжымда жұмыс істей білуге, басқа білім алушылардың пікіріне құрметпен қарауға, өз пікірін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Әрбір сыныппен тақырып бойынша жүргізілетін сабақтар оқу материалы мазмұнының күрделілігімен анықталады. Әрине, біртақырыптық сабақтарды әзірлеу және өткізу мұғалімнен педагогикалық шеберлікті талап етеді. Бұл жерде, бір жағынан, оқу материалын жоспарлау жұмысы тұрса, екінші жағынан, сабақ құрылымын жетілдіру және оны ұйымдастыру жұмысы тұрады.

Білім алушылардың белсенділігі, ең бірінші кезекте, сабақ кезеңдерінің реттілігін қатаң сақтауынан емес, сабақты тақырып бойынша жоспарлап, оны әрбір сабаққа сәйкес мақсаты нақты анықталған жағдайда көрінеді. Біртақырыптық сабақтарды жоспарлау оқу бағдарламасының белгілі бір тақырыбы немесе тарауы бойынша өтілетін сабақтар мен сабақтан тыс оқу жүйесіндегі оқу-тәрбие үрдісі білім беру, дамыту және тәрбие беру қызметтерін іске асыруының қолайлы жолдарын анықтау үшін қажет. Бұл жүйеге негізгі дидактикалық мақсатына байланысты сабақтың әр алуан түрпаты және түрлерімен қоса, білім алушылардың сыныптан тыс және оқудан тыс жұмыстарының басқа түрлері де кіреді.

Шағын жинақты мектепте біртақырыптық жоспарлаудың ойдағыдай іске асырылуы, көбінесе, педагогтен білім алушылар нені білуі керек, қалай оқыту керек, т.б. мәселелерді қаншалықты терең ойластырғанына байланысты болады. Сондықтан педагог біртақырыптық жоспарлауды пәннің оқу бағдарламасымен, білім беру стандартымен мұқият танысудан, пәнді оқыту кезіндегі және берілген тақырып бойынша дидактикалық міндеттерді шешудегі негізгі тәрбиелік мақсаттарды және білім алушыларды дамыту мақсаттарын анықтаудан бастауы қажет.

Біртақырыптық сабақты жоспарлау – бұл педагогтің сабаққа тиянақты дайындығының көрінісі, яғни сабақты жоспарлау, тақырыптық жоспарлауды әрбір жеке сабаққа сәйкес нақтыландыру, сабақтың негізгі мазмұны мен бағыты анықталғаннан кейін сабақтың жоспары мен қысқаша мазмұнын терең ойластыру мен құрастыру.

Сабақ жоспары педагогтің жұмыс тәжірибесіне, кәсіби біліктілігіне, педагогикалық шеберлігінің деңгейіне қарамастан, әрбір педагог үшін қажет.

Біріктірілген сыныптардағы біртақырыптық сабақты жоспарлауға қажетті ұстанымдар:

1. Әртүрлі жастағы білім алушыларды оқыту міндеттері, мазмұны мен оқыту құралдарының кірігуі мен саралануы. Әр сынып білім алушыларында түрлі деңгейде меңгерілетін сұрақтар, құбылыстар мен түсініктер туралы ортақ ұғым болуы.

2. Білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру – бірқатар педагогикалық қызметтерді жоғары сынып білім алушысының атқаруы (бақылау, жаңа материалды түсіндіру, қиындықтарды жеңуде төменгі сынып білім алушыларына көмектесу).

Дайындық жұмыстары: ақыл-кеңесшілерді іріктеу, ақыл-кеңес беру, олардың әрекетінің маңыздылығын көрсету, атқаратын қызметтерді бөлу, сабаққа және сабақ үстіндегі дайындық кезеңінде тапсырмалар беру.

3. Өзара оқыту. Өзара бір-бірін оқыту процесінде оқу әрекеттері және қарым-қатынасы арқылы білім, білік, дағдыларын меңгеру негізі. Оқыту кезінде мұғалім рөлін атқара отырып, білім алушы ақпаратты беріп қана қоймайды, қарым-қатынас жасауда өз білімін өзектендіреді.

4. Өзара әрекет ету еркіндігі. Білім алушылардың ортақ әрекеті мен қарым-қатынасын ұйымдастыру сыныптағы барлық білім алушыларға жағымды қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

5. Әртүрлі жастағы білім алушылардың өзара әрекетін реттеу. Әртүрлі жастағы білім алушылардың ортақ әрекетінің мазмұны мен формалары, сондай-ақ олардың бірге жұмыс істеуіне ынталандыратын тәсілдер мен құралдардың таңдалуы. Әрқайсысына ортақ мақсатты меңгеруге және одан жеке өзіне мән іздеуге көмектесуі; ортақ нәтижеге жету және тұлғаның жеке жетістіктерін дамыту үшін әрекеттердің маңыздылығын қарастыруы; оқу үстіндегі және оқудан тыс әрекеттеріндегі білім алушылардың өзара әрекетінің тәжірибесін ескере отырып, жоғары және төменгі сынып білім алушыларының өзара әрекетінің түрлі әдістері мен 8 формаларын қолдануы.

Әрекеттің мазмұнын, сабақтың әр кезеңіндегі жоғары және төменгі сынып білім алушыларының рөлін, қызметін нақты анықтауы.

Біріктірілген сыныптарда сабақты жоспарлауда төмендегі жайттарды ескеру қажет:

- артық жүктемеден қашу (оқу еңбегіне уақытты қысқарту есебінен, ең алдымен, оқу материалының мазмұны мен көлемін қатаң іріктеуден);

- бастауыш мектеп сабақтарында кемінде 2-3 рет үзіліс (жаттығулар) жасау;

- білім алушылардың өзіндік жұмысын міндетті түрде қосу;

- білім алушылардың өзіндік жұмысының көлемі мұғалімнің басқа сынып білім алушыларымен орындалатын жұмысына тәуелділігін;

- шағын жинақты мектептегі сабақ екі бөліктің алма-кезек ауысып отыруынан құрылатынын: мұғалімнің басқаруымен және білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмыстары;

- білім алушылардың жұмысын кезектесіп орындалуы мұғалімнің басқаруымен жүргізу қажеттілігі, білім алушылардың өздік жұмысына арналған үлестіру материалдарының кез келген түрін қолдану.

Әртүрлі жастағы білім алушылардың ортақ әрекетін ұйымдастыру және ынталандыру тәсілдері:

- ортақ мәселелер мен міндеттерді барлығына бірдей түсінікті және қызықты етіп қою;

- ізденімдік тапсырмалар қолдану, іздендіру жағдаятын құру;– шығармашылық тапсырмалар орындалуы;

- орындалған тапсырмалардың нәтижелерін бірге талқылау, ойын элементтерін қолдану, сайыстар өткізу.

Біріктірілген сыныптарда біртақырыптық сабақтарды ұйымдастыру мазмұны ұқсас тақырыптарды пәнішілік және пәнаралық кіріктіре оқыту арқылы жүзеге асырылады. Мазмұны ұқсас тақырыптарды пәнішілік кіріктіре оқытуда жаңа тақырыптар екі сыныпқа ортақ түсіндіріледі де, жаңа оқу материалын бекіту барысында жаттығулары дараланып, өзіндік жұмыстар мен деңгейлік тапсырмалар беріледі. Ал пәнаралық кіріктіре оқытуда білім мазмұнының жүйелілігін сақтай отырып, бір сыныпта бірнеше пән бойынша мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту жүзеге асырылады. Мұнда екі пәндегі жаңа тақырып (мысалы, биология және химия, т.б. пәндерді кіріктіре оқытуда) мазмұны ұқсас болғандықтан сыныпқа ортақ түсіндіріліп, білім алушылардың әр пән ерекшелігіне сәйкес өзіндік жұмыстармен ұштастырылады.

Кіріктіру – тығыз байланысқан бір бүтінді жасаудың нәтижесі. Оқытуда бұл түрлі пәндердің элементтерін (тақырып, бөлім), ғылыми түсініктерін және таным әдістерін біріктіру пәнаралық байланысты шешу арқылы жүзеге асады. Әдебиеттерде, мысалы, бастауыш сыныптағы табиғаттану, жоғары сыныптағы жаратылыстану пәндерімен келтірілген. Соңғысы биология, химия, физикамен 9 біріктірілген. Олар осы пәндердің үйлестірілген мазмұнына сәйкес бір пәнде логикалық құрылымымен беріледі.

Үйлестіру – өтілетін ұғымдар мен құбылыстар және олардың оқу танымдылығы мен уақыттары ортақ туыстас пәндердің оқу бағдарламаларын ыңғайластыру (пәнаралық байланыстың тар мағынасы). Оқытудағы осы бірлікті жүзеге асыру – білім алушының дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған кешенді бағыттың педагогикалық шарттарының бірі. Кешендік бағыт және оқытудың тәрбиелік міндеті жайлы ұстаным пәнаралық байланыстың тәрбиелік рөлін күшейтеді. Бұл, әсіресе, гуманитарлық пәндер төңірегінде айқын көрінеді. Қорыта келгенде, мұғалім жұмысының табысты болуы білім алушылардың жалпы дайындығына, олардың жас ерекшелігіне, сабаққа керекті құрал-жабдықтардың, оқу материалының ерекшелігіне, білім алушылардың оқу-танымдық, әрекетін ұйымдастыра алуына, оқу жұмысында проблемалық сұрақтарды қоя білуіне, сондай-ақ мұғалімнің басшылығымен орындалатын және білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарының арақатынасына тікелей байланысты.

Қысқа мерзімді жоспар

Әдебиеттік оқу 85 сабақ

Бөлім:	Ғарышқа саяхат	
Мұғалімнің аты-жөні	Құрақова Ж.С	
Күні:	10.04.2023	
Сынып: 3-4	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Ғарыштан адам не іздейді? Суды қалай ішеді?	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	4.2.9.1 түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу және тұжырым жасау, себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету 3.2.6.1 кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті, мінезқұлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіріп тауып, бағалау 3.2.1.2 шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу	
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> • түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты тауып оқиды. 	


Сабақтың барысы




Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру, өзін-өзі тексеру 8 мин	3-4-сыныптар. Ынтымақтастық атмосферасын және өздеріне деген сенімділік қалыптастыру мақсатында «Ізгі тілек» әдісі қолданылады.	Жаттығу жасайды. Шеңберде оң жағындағы балаға тілек айтады.		



	<p>4-сынып Өткен тақырыпқа шолу: -Үй тапсырмасын сұрау. -Бір-біріңе өткен тақырыпқа байланысты сұрақтар қойып жауап алыңдар.</p> <p>Жаңа оқу материалын жариялау «Ой қозғау» әдісі:</p> <p>-Сендер ғарышқа не үшін ұшар едіңдер? -ғарыш әлемінде не қызықтырады? -Келешекте ғарышқа ұшу оңай болуы мүмкін бе? - Олай болса, бүгінгі сабақта ғарыштан адам не іздейтіні туралы оқып, жауабын бірлесе табатын боламыз.</p>	<p>3-сынып Өткен тақырыпқа шолу: - «Көкқұтанның ақылы» мәтінін мазмұндау. - Бір-біріңе мәтін мазмұнын анықтауға арналған сұрақтар қойыңдар және жауап беріңдер.</p> <p>Жаңа оқу материалын жариялау: «Ой қозғау» әдісі:</p> <p>- Су сөзіне қатысты 5 сөз және 5 сурет ойластырыңдар. Пікір білдіріңдер. -Олай болса, бүгінгі сабақта жануарлардың суды қалай ішетіні туралы шығармаларды оқып, сахналайтын боламыз.</p>	Сұрақтар қояды, сұрақтарға жауап береді.	«Ауызша мадақтау» әдісі: Жарайсың! Тамаша! Жақсы!	Ғарышкер зымыран, ғарыш айлақ суреттері
Жаңа білім 15 мин	<p>(Т) 1- тапсырма «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісімен орындалады. А) Автор туралы мәлімет. -Мәтінді оқып, автордың қысқаша өмірбаянын әңгімелендер. Ә) Мәтінмен жұмыс.</p>	<p>(Ұ) 1- тапсырма «Рөлдік ойын» әдісімен орындалады. А) «Жануарлар суды қалай ішеді?» атты</p>	- Тапсырма орындайды.	Дескриптор: -Мәтінді оқып, автордың қысқаша өмірбаянын әңгімелейді-2балл.	«Әдебиеттік оқу» оқулығы 4 сынып 3-бөлім 2019ж


<p>2 мин</p>	<p>-Өлеңді мәнерлеп оқыңдар. -Айдын ғарыш жұлдыздарының тізімін қалай жаңғыртты? -Ақынның: Токтар, Талғат, Айдынның, Әлі-ақ ізін жалғаймыз...деген сөздерін қалай түсіндіңдер? А.Айымбетов пен Т.Мұсабаевтың өмірбаяндарын тыңдаңдар. Саралаудың «Дереккөз» тәсілі жүзеге асады.</p> <p>- Айдын Айымбетов туралы оқып, әңгімеле.</p> <p>Сергіту сәті – құстар үні.\3-4 сыныптар\</p>	<p>өлеңді рөлге бөліп, мәнерлеп оқуға жаттығыңдар. Ә) Сөздік жұмысы: Сіміріп – тоқтамастан ішу. Ұшып-қону – ұшқалақ. Б) Мәтінді сахналаңдар. Саралаудың «Тапсырма» тәсілі жүзеге асады. Кейбір білім алушыға: -Басқа жануарлардың су ішуін жайлы көрген-білгеніңді есіңе түсіріп әңгімеле.</p>	<p>Кұстар үнін тыңдап сергиді.</p> <p>Тапсырманы орындап, өз пікірлерін білдіреді.</p>	<p>Өлеңді мәнерлеп оқиды-2балл. -Айдын ғарыш жұлдыздарының тізімін қалай жаңғыртқанын әңгімелейді-2балл. А.Айымбетов пен Т.Мұсабаевтың өмірбаяндарын әңгімелейді-1балл.</p>	<p>Кұстар үні (аудио тыңдалым)</p>
<p>Бекіту 15 мин</p>	<p>(Д, Т) 2-тапсырмада «Ашық микрофон» әдісі, дәптермен жұмыс жүзеге асырылады. А) Іздеу. Өлең шумақтарынан ақынның сезімдерін білдірген сөздерді тауып оқыңдар. Ә) Ақынның «Қарсы алып көк Айдынды, ғарышты елім шарлады» деген сөзінен 1. Көк сөзіне сұрақ қой; 2. Көк сөзімен мағыналас сөз тап. Б) Қорытынды. -Болашақ, келешек, құдірет, гажап, арман, өнер, самғау деген сөздерді пайдаланып, өлеңдердің негізгі ойын түсіндіріңдер.</p>	<p>(Д) 2-тапсырмада «Ашық микрофон»әдісі жүзеге асырылады. - Өздерің қандай сусын</p>		<p>Дескриптор: - Өлең шумақтарынан ақынның сезімдерін білдірген сөздерді табады-2 балл. Сөздерді пайдаланып, өлеңдердің негізгі ойын түсіндіреді-1 балл.</p>	

		ішесіндер? Қандай сусын ішкен пайдалы деп ойлайсыңдар? - «Судың денсаулыққа пайдасы» деген тақырыпта сөйлеуге дайындалыңдар.			
Қорытынды 5 мин	3-4-сыныптар Кері байланысты «Үш қадамдық сұхбат» әдісі арқылы береді. Мұғалім білім алушылар жауабын талдап, өз қалыптастырушы бағасын қояды. Оқу тапсырмасы: оқылым мәтінді мазмұндау. Жазылым 5-тапсырма		Сабақтан түйген ой-пікірін айтады.	ҚБ қойылады	

Пәні:		Математика		
Бөлім:		Саяхат		
Педагогтің аты-жөні:		Сәкенқызы Әсем		
Күні:		05.05.2023		
Сынып: 2		Қатысушылар саны: 3	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		№ 127 сабақ. Логикалық есептер. Басқатырғыштар.		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		2.4.2.2 сандық есептерді, әртүрлі сандардан тұратын басқатырғыштарды, ауыстырып құюға және өлшеуге берілген логикалық есептерді зерттеу және шығару		
Сабақтың мақсаты		сандық есептерді, әртүрлі сандардан тұратын басқатырғыштарды, ауыстырып құюға және өлшеуге берілген логикалық есептерді зерттеу және шығару		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық ахуал қалыптастыру	Білім алушылардың		

<p>10 мин</p>	<p>Білім алушылардың назарын сабаққа аудару</p> <p>Үй тапсырма 5-тапсырма Нұсқаулық бойынша дәптерге жел диірменін сал.</p> <p>а) қызыл нүктеден бастап бағдар сызық үй-гіз: 2 торкөз солға қарай (←), 2 торкөз жоғары (↑), қызыл нүктеге дейін бағдар сызық (↘), ↑ 2, → 2, қызыл нүктеге дейін ←, → 2, ↓ 2, қызыл нүктеге дейін ↖, ↓ 2, ← 2, қызыл нүктеге дейін ↗; ә) көк нүктеден бастап ↑ 7, қызғылт сары нүктеден ↓ 7, ← 2; б) қара нүктеден бастап жасыл нүктеге дейін ↗, қызғылт сары нүктеге дейін ↘.</p>	<p>назарын сабаққа аудару</p>	<p>«Телефон» әдісі ҚБ: 1-10 балл Дескриптор: Нұсқаулық бойынша жел диірменін салады -16</p>																												
<p>Сабақтың ортасы 25мин</p>	<p>Жаңа сабақ Фс тапсырма 1-тапсырма Сиқырлы шаршыларды толтыр.</p> <p>Үлгі:</p> <table border="1" data-bbox="359 1019 502 1164"> <tr><td>7</td><td>6</td><td>11</td></tr> <tr><td>12</td><td>8</td><td>4</td></tr> <tr><td>5</td><td>10</td><td>9</td></tr> </table> <p>7 + 6 + 11 = 24 7 + 12 + 5 = 24 5 + 8 + 11 = 24</p> <table border="1" data-bbox="347 1198 486 1332"> <tr><td></td><td>6</td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>12</td><td>22</td><td>8</td></tr> </table> <p>12+22+8=42</p> <table border="1" data-bbox="654 1198 798 1332"> <tr><td>8</td><td></td><td>16</td></tr> <tr><td></td><td></td><td>2</td></tr> <tr><td></td><td></td><td>12</td></tr> </table> <p>16+2+12=30 8+10+12=30 6+ 18+6=30</p>	7	6	11	12	8	4	5	10	9		6					12	22	8	8		16			2			12	<p>Сиқырлы шаршыларды толтырады</p>	<p>«Телефон» әдісі ҚБ: 1-10 балл Дескриптор: Сиқырлы шаршыларды толтырады-16</p>	
7	6	11																													
12	8	4																													
5	10	9																													
	6																														
12	22	8																													
8		16																													
		2																													
		12																													
	<p>ЕБҚ 2-тапсырма Тіктөртбұрышты әр бөлігінде белгіленген бір нүктесі бар өзара тең 6 бөлікке бөл.</p> 	<p>Тіктөртбұрыш пен жұмыс</p>	<p>«Телефон» әдісі ҚБ: 1-10 балл Дескриптор: Тіктөртбұрышты 6 бөлікке бөледі -16</p>																												
	<p>3-тапсырма Суретке қара. Жасыл,сары,көк және қызыл дөңгелектердегі ұпай санын анықта. Жасылда 300 Сарыда 400 Қызылда 100</p>	<p>Ұпай сандарын анықтайды</p>	<p>«Телефон» әдісі ҚБ: 1-10 балл Дескриптор: Түрлі түсті шеңбердегі сандарды табады-16</p>																												


	<p>Көкте 100</p> 			
	<p>4-тапсырма Бос торкөздерді толтыр.</p>  <p>5+5+5=15 34-20=14 7+5+5=17 34-8=26 7+2+7=14 20+5=25 14-13=1</p>	<p>Бос торкөздерді толтырады</p>	<p>«Телефон» әдісі ҚБ: 1-10 балл Дескриптор: Бос торкөздерді толтырады-1 б Сандармен есеп шығарады-1 б</p>	
	<p>5-тапсырма Сыйымдылығы үш литрлік банкаға шырын құйылған және сыйымдылықтары 1л және 2 л болатын екі бос банка бар. Барлық үш банкада бір литрден болу үшін шырынды қалай құйып алуға болады? Жауабы: бір литрлік банкамен өлшеп, қалған банкаларға құю арқылы</p>	<p>Логикалық есепті шығарады</p>	<p>«Телефон» әдісі ҚБ: 1-10 балл Дескриптор: Логикалық есепті шығарады-1 б</p>	
	<p>7-тапсырма Кіртасты табақшалы таразы мен сыртқы пішіндері бірдей 9 монета бар. Монеталардың біреуі қалған және басқаларынан не ауыр не жеңіл екені белгісіз. Шын монеталардың массалары бірдей. Жалған монетаны анықтау үшін неше рет өлшеу қажет? Жауабы: монетаны төрт төртке бөліп таразыға тартамыз. Жеңіл төрт монетаны алып екіге бөліп тағы таразыға тартамыз. жеңіл екі монетаны алып тағы мөлшеп жалған монетаны анықтаймыз.</p>	<p>Логикалық есепті шығарады</p>	<p>«Телефон» әдісі ҚБ: 1-10 балл Дескриптор: Логикалық есепті шығарады-1 б Ықтимал жауаптарын айтады-1 б</p>	
<p>Сабақтың соңы 10 мин</p>	<p>Үйге тапсырма 6 тапсырма Қорапта 24 кг шеге бар. Кіртастарды пайдаланбай, табақшалы таразының көмегімен 9 кг шегені қалай өлшеп алуға болады?</p>	<p>Үй тапсырмасын алады</p>	<p>«Телефон» әдісі ҚБ: 1-10 балл Дескриптор: Логикалық есепті шығарады-1б</p>	

	<p>Жауабы: Табақшаға қаптың ауызын ашпай ақ,қапты қолмен ұстап тұрып сол белгілі массаға дәлдеу керек.9кг болған кезде оны табақшаға бөліп алуға болады.</p> <p>Кері байланыс</p> 	Кері байланыс жасайды		
--	---	-----------------------	--	--

Бөлім:	Болашаққа саяхат	
Мұғалімнің аты-жөні	Сәкенқызы Әсем	
Күні:	05.05.2023	
Сынып: 4	Қатысушылар саны:3	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Латын әліпбиіне көшу – болашаққа бастар жол	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	4.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өзіндік баға беру 4.4.2.7 сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын шылауларды (және, себебі, мен, пен) қолдану	
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> • тыңдаған мәтін мазмұнына өзіндік баға береді; • сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын шылауларды (және, себебі, мен, пен) қолданады 	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру, өзін – өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру 5 мин	<p>Ынтымақтастық атмосферасын және өздеріне сенімділік қалыптастыру ширату жаттығулары арқылы жүреді.</p> <p>Өткен сабаққа шолу, жаңа сабаққа кіріспе «Керме жіп» әдісімен жүреді.</p> <p>А)Үй тапсырмасын тексеру. Ә) Сұрақтар: -Шылау деген не? (л) -Шылауларға мысал келтір. (а) -Шылау қатыстырып сөйлем құра. (т) -Сөйлемнен шылауды тап.</p>	<p>Жаттығу жасайды.</p> <p>Саналады. Топқа бірігеді. Топ басшысын сайлайды. Топ ережесін еске түсіреді. Тапсырма тексертеді.</p>	<p>«Ауызша мадақтау» әдісі: Жарайсың! Тамаша! Жақсы! Білім алушыларға тиімді кері байланыс беріп отыру.</p>	<p>Л,а,т,ы,н сөзі</p>

	<p><i>Айжан да, Ермек те 4-сыныпта оқиды. (ы)</i></p> <p>-Сұраулық шылауларды ата.(н)</p> <p>-Латын сөзінің біздің тілімізге қандай қатысы бар деп ойлайсыңдар?</p> <p>-Дұрыс айтасыңдар, біздің қазіргі қолданыстағы алфавитті тоқтатып, латын әліпбиіне негізделген жаңа әліпбиеге көшуді ғалымдар қарастырып жатыр.</p> <p>-Олай болса бүгінгі сабақ тақырыбы: Латын әліпбиіне көшу – болашаққа бастар жол. Сабақ мақсатын хабарлау.</p>			
<p>Жаңа білім 15 мин</p>	<p>Жаңа сабақ (Ұ) 1-тапсырма - «Ашық микрофон» әдісі. 35-жаттығу. Мәтінді тыңдаңдар. -Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар. -Мәтін мазмұнына байланысты өз пікірлеріңді айтыңдар. Пікір айтқан кезде қыстырма сөздер мен шылауларды қолданыңдар. 36-жаттығу. Бағанның екі жағындағы сөйлемдерді салыстырыңдар. Сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдаңдар.</p> <div data-bbox="343 1384 805 1639" style="border: 1px solid black; padding: 5px;"> <p> <i>Да (де), та (те) шылау болса, атау септік сөзбен байланысады да, бөлек жазылады. Мысалы: Күң де жылынды, көк те шықты.</i></p> <p><i>Да (де), та (те) жатыс септік жалғауы болса жалғанған сөзбен бірігіп жазылады. Мысалы: Мал қартапта.</i></p> <p><i>Мен (бен, пен) шылау болса, бөлек жазылады. Мысалы: Қағаз бен қалам алды.</i></p> <p><i>Мен (бен, пен) көмектес септік жалғауы болса, өзінше жалғанған сөзбен бірігіп жазылады. Мысалы: Мен әкеммен сөйлестім.</i></p> </div> <p>Саралаудың «Тапсырма» тәсілі жүзеге асады. Кейбір білім алушыға: - Әдебиеттік оқу пәніндегі мәтіндерден шылауы бар сөйлемдер тап.</p>	<p>Тапсырмамен жұмыс жасайды.</p>	<p>Дескриптор: Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қояды-1балл. Мәтін мазмұнына байланысты өз пікірлерін айтады-2балл. Пікір айтқан кезде қыстырма сөздер мен шылауларды қолданады-2балл. Бағанның екі жағындағы сөйлемдерді салыстырады-1балл. Сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдайды-2балл.</p>	<p>Қазақ тілі 4 сынып оқулығы 2-бөлім</p>
<p>2 мин 20 мин</p>	<p>Сергіту сәті: «Қаражорға» бии. (Т) 2-тапсырма – «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі:</p>	<p>Билеп сергиді. Тапсырма орындайды.</p>	<p>Жақшаны ашып, мәтінді</p>	

	<p>37-жаттығу. Жақшаны ашып, мәтінді көшіріп жазыңдар.</p> <p>39-жаттығу. Кестені толықтырып жазыңдар.</p> <table border="1"> <tr> <td><i>Бөлек жазыл атын шылаулар</i></td> <td><i>дефиспен жазылатын шылаулар</i></td> <td><i>Жалғаулармен тұлғалық ұқсастығы бар шылаулар</i></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	<i>Бөлек жазыл атын шылаулар</i>	<i>дефиспен жазылатын шылаулар</i>	<i>Жалғаулармен тұлғалық ұқсастығы бар шылаулар</i>					көшіріп жазады-1балл. Кестені толықтырып, шылауларды бөліп жазады-1балл.	
<i>Бөлек жазыл атын шылаулар</i>	<i>дефиспен жазылатын шылаулар</i>	<i>Жалғаулармен тұлғалық ұқсастығы бар шылаулар</i>								
Қорытынды 3 мин	<p>Кері байланыс - «Нысана» әдісі. Сабақтан алған білімдерің жайлы пікірлерің жазыңдар. - Бүгінгі сабақтан алған білімдеріңді бағалаңдар. Үй тапсырмасы: 38-жаттығу.</p>	Өзінің жұмысын бағалайды. Жазады.	ҚБ қойылады.	Интербелсенді тақта						

Бөлім:	Болашаққа саяхат		
Мұғалімнің аты-жөні	Сәкенқызы Әсем		
Күні:	05.05.2023		
Сынып: 4	Қатысушылар саны:3	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Жеті түсті желбір гүл (жалғасы)		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	4.2.8.2 көркем шығарманы басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм, кинофильм) нұсқасымен салыстыру		
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> көркем шығарманы басқа үлгідегі нұсқасымен салыстырады. 		

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру, өзін – өзі тексеру 8 мин	<p>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру «Гүлмен тілек» ойынымен өтеді.</p> <p>Өткен тақырыпқа шолу: -Үй тапсырмасын сұрау. -Бір-біріңе өткен тақырыпқа байланысты сұрақтар қойып, жауап алыңдар. -Ал бүгінгі сабақта кешегі шығарманың жалғасын оқимыз.</p>	Гүл сыйлап, тілек айтады. Сұрақтарға жауап береді.	«Ауызша мадақтау» әдісі: Жарайсың! Тамаша! Жақсы!	Әртүрлі гүл суреттері
Жаңа білім 15 мин	(Ұ, Д) 1- тапсырма «Еркін әңгіме» әдісі:	- Тапсырма орындайды.	Дескриптор:	«Әде-

<p>2 мин</p> <p>Бекіту 15 мин</p>	<p>А) Мәтінмен жұмыс. -Мәтінді тізбектей дауыстап оқыңдар. -Женя енді қандай тілек тілеуі мүмкін? -Оқиға қалай аяқталуы мүмкін? -Автордың «Алты күлтешесін мәнсіз жұмсап қойыпты» дегенімен келісесіңдер ме? -Женя Витяның өмірін қалай өзгертті? Саралаудың «Дереккөз» тәсілі жүзеге асады. Кейбір білім алушыға: - Витяның орнында болсаң Женяның жақсылығын қалай қайтарар едің?</p> <p>Сергіту сәтінде әнге қосылып айтады.</p> <p>(Т) 2-тапсырмада «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісімен орындалады. А) Бағалау. -Женяның тілектеріне қарай сипаттандар. -Женяның қай тілегі ұнады? -Ертегідегі кемпірдің Женя туралы айтқандарын еске түсіріңдер. Ә) Анықтау. - Ертегіде кейіпкердің көңіл күйі қалай өзгерді? Оқиғаларды реті бойынша әңгімелеңдер. Б) Пікір білдіру. -Ертегінің осылай аяқталғаны ұнады ма? -Женя сияқты адамның болашағы жайлы пікірлеріңді жазыңдар. В) Қорытындылау. -Ертегінің мазмұнына қарай сабақтың басындағы тілектеріңді өзгерткілерің келе ме? Себебін түсіндіріңдер.</p>	<p>Ән айтып сергиді. -Тапсырманы орындап, өз пікірлерін білдіреді.</p>	<p>Мәтінді оқиды-1балл. Женя тілегін болжайды-1балл. Оқиғаның соңын болжайды-1балл. Автордың ойына өз пікірін білдіреді-1балл. Женя Витяның өмірін қалай өзгерткенін айтады-1балл. Женяны сипаттайды-1балл. Женяның қай тілегі ұнағанын айтады-1балл. Ертегіде кейіпкердің көңіл күйі қалай өзгергенін анықтайды, ертегіні әңгімелейді-1балл. Ертегі бойынша пікір білдіреді-1балл. - Тілектерін өзгерту себебін айтады -1балл.</p>	<p>биеттік оқу» оқулығы 3-бөлім 4-сынып 2019ж</p>
<p>Қорытынды 5 мин</p>	<p>Кері байланысты «Үш қадамдық сұхбат» әдісі арқылы береді. Мұғалім білім алушылар жауабын талдап, өз қалыптастырушы бағасын қояды. Оқу тапсырмасы: ертегіні мазмұндау.</p>	<p>Сабақтан түйген ой-пікірін айтады.</p>	<p>ҚБ қойылады.</p>	

<p>Күні: 9.12.21</p>	<p>Мұғалімнің аты-жөні: Ундаганова А.С</p>	
<p>СЫНЫП: 7, 8 Сабақ</p>	<p>Қатысқан білім алушылар саны: 6</p>	<p>Қатыспаған білім алушылар саны: 0</p>

Сабақтың тақырыбы	7-сынып <i>Дүниежүзілік мұхиттың географиялық жағдайы</i> 8-сынып <i>Көлдер мен мұздықтар</i>	
Сабақ негізделген оқу мақсаттары	7.3.3.3 Дүниежүзілік мұхиттың құрамын, географиялық жағдайын сипаттайды 8. көлдер мен мұздықтарды жоспар бойынша сипаттайды	
Сабақ нәтижесі:	<p>Білім алушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.</p> <p>Білім алушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өздігінен жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды.</p> <p>Білім алушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.</p> <p>Білім алушылардың барлығы мынаны орындай алады: Көлдер туралы білім алушылардың білімдерін кеңейтіп, тілдесуге үйрету.</p> <p>Білім алушылардың көбісі мынаны орындай алады: көлдер туралы алған мағлұматтарын естеріне түсіре отырып, білімдерін бекіту.</p> <p>Білім алушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.</p>	
Бағалау критерийі	Берілген ақпаратпен жұмыс жасай алады. Тақырып бойынша сөйлем құрастыра алады. Мен тақырып бойынша жаңа сөздерді меңгеремін. Мен осы тақырып бойынша сөйлем құрастыра аламын.	
Тілдік күзiреттiлiк	Түсіндірмелі Қазақстанның физикалық картасы	
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.	
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.	
Пәнаралық байланыс	Биология, қазақ тілі, тарих.	
Алдыңғы оқу	Достық, татулық – өмірдің қызығы	
Сабақтың жоспары		
Жоспарланған уақыт	Сабақ барысы :	Бағалау түрлері
Басталуы 5 минут	<p>Сәлемдесу.</p> <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру:</p> <p>Сынып реттілігін қадағалау.</p> <p>Білім алушыларды түгендеу. Оқу құралдарын байқау.</p> <p><i>Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет қол шапалақтаймыз!</i></p> <p><i>Ұйымшыл боламыз десек 2 рет</i></p> <p><i>Белсенділік танытамыз десек 3 рет шапалақтаймыз!</i></p> <p>Үй тапсырмасы:</p> <p><i>7-сынып</i></p> <p><i>1. Гидросфера дегеніміз не?</i></p> <p><i>2. Су ресурстарын ата?</i></p> <p><i>3. Алтайдың таулы мұздақтарының ерекшелігі неде?</i></p>	

	<p>8-сынып</p> <p>1. Дүние жүзіндегі ең ұзын өзен мен ең суы мол өзенді ата?</p> <p>2. Өзендер бастауын қайдан бастайды?</p> <p>3. Өзендер немен қоректенеді?</p>	
<p>Жаңа білім 10 минут</p>	<p>Кіріспе сұрақтары: 7-сынып: 1. Дүние жүзінде қанша мұхит бар? 2. Ең үлкен мұхит? 3. Теңіздердің қандай түрлері бар? Оқулықтағы мәліметтерді оқып шығу. Екі сыныпқа бірдей тапсырма. 8-сынып Көл дегенді қалай түсінесіңдер? Білу және түсіну Қазақстан өзендерінің негізгі су көздерінің бірі – мұздықтар. Мұздықтар тұщы судың орасан зор қоймасы. Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясы География институтының ғалымдары республика мұздықтарының каталогін құрастырды. Соның нәтижесінде Қазақстанның тау мұздықтарының картасы жасалды. Қазақстан жерінде қазіргі мұздықтары таралған аудандары шығыс және оңтүстік-шығыс аймақтарындағы – Алтай, Сауыр жоталары, Жоңғар (Жетісу) Алатауы, Қырғыз Алатауы, Іле Алатауы, Күнгей Алатау, Теріскей Алатау жоталары. Республиканың барлық тауларында 2724 мұздық бар. Олардың алып жатқан ауданы – 2033,3 км². Бұл мұздықтардағы мұздың жалпы көлемі 100 км³. Ол – Қазақстан жерінде жиналатын өзен аңғарының жылдық мөлшерінен екі есе артық тұщы су қоры.</p> <p>Мұздықтардың пайда болуы үшін, олардың орналасатын жер бедерінің болуы және жауын-шашын қатты күйінде жеткілікті түсуі шарт. Мұздықтар құрлық бедер пішіндерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мұздықтар қалыптасатын алқап жер бетіндегі ерекше белдемде – хионосферада (грекше – қар қабаты) орналасады, оның төменгі жағы қар сызығы деп аталатын шекарамен шектеледі.</p> <p>Қазақстан тауларында қар сызығы ауаның құрғақтығы мен климаттың континенттігінен байланысты бір сыпыра биікте жатыр. Қар сызығы оңтүстікте биік болады, солтүстікке қарай едәуір төмендейді. Қар сызығының орташа биіктігі Тянь -Шань тауларында 3800 м-ден, Алтай тауларында 2600 м аралығында жатыр. Бір тау жотасының оңтүстік және солтүстік беткейлерінде қар сызығының биіктігі 200-400 м айырма жасайды. Тіпті бір беткейдің өзінде де батысы мен шығысында қар сызығының биіктігі жүздеген метр биік не төмен болуы мүмкін.</p> <p>Алтай тауларында қар сызығының орташа биіктігі солтүстік беткейде 2300-2800 м, оңтүстікте 2500-3000 м,</p>	<p>Оқулық, мәтіндер.</p>

Сауырда – 3300м. Қар сызығы Жоңғар (Жетісу) Алатауының солтүстігінде 3300-3500 м, оңтүстік беткейде 3300-3900м, ал Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік жоталарында, атап айтқанда, Іле Алатауының солтүстік беткейінде ол 3700-3900м биікте, оңтүстікте 3900-4200 биікте өтеді.

Мұздықтар тауларда әркелкі орналасқан. Ең көп шоғырланған ауданы Жоңғар (Жетісу) Алатауындағы 1369 мұздықтың ауданы 1000км². Оның 996км² солтүстік беткейде 1009 мұздықтары 857км² жерді алып жатыр. Қазақстан Алтайында мұздану ауданы 89.6км² жететін 328 мұздық бар. Сауыр жотасында 18 мұздық орналасқан. Таулы бөлікте мұздықтар типтерінің үш түрлі негізгі топтары бар:

Тегістелген төбе мұздықтары

Тау беткейлеріндегі мұздықтар

7-сынып: Дүниежүзілік мұхит. Глобусты алып қарасақ, жер шарының көп бөлігін су басып жатқанын көреміз. Ол Дүниежүзілік мұхит деп аталады. Дүниежүзілік мұхиттың үлесіне бүкіл Жер бетінің 3/4 бөлігі немесе 361 млн км² тиеді.

Дүниежүзілік мұхит бөлек - бөлек аттары бар жеке мұхиттардан тұрады, бірақ олардың бәрі бір -біріне жалғасып жатыр.

Дүниежүзілік мұхиттың кез келген нүктесінен келесі нүктесіне құрлыққа аяқ баспай жетуге болады (жарты шарлар картасынан байқап көріңдер).

Мұхиттар мен теңіздер қоршап жатқан құрлықты материктер немесе континенттер деп атайды. Дүние жүзінде алты материк бар. Олар: Еуразия, Африка, Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка, Аустралия және Антарктида.

Құрлықтың барлық жағынан су қоршаған шағын бөлігі арал деп аталады (картадан Гренландия, Мадагаскар, Исландия аралдарын табыңдар).

Құрлықтың су кеңістігіне терең сұғынып кіріп тұрған бөлігін түбек деп атайды (картадан Апеннин және Лабрадор түбектерін табыңдар)

Дүниежүзілік мұхит төрт бөліктен тұрады.

Тынық мұхит – Жер шарындағы ең үлкен (180 млн км²) әрі ең терең мұхит. Көлемі жағынан қалған үш мұхитқа парапар. 1520 – 1521 жылдары Ф. Магеллан дүние жүзін айналу саяхаты кезінде осы мұхитты алғаш рет жүзіп өтті. Жүзу кезінде ешқандай дауылға ұшырамағандықтан, саяхатшылар оған «Тынық мұхит» деген ат берді.

Мұхит пен құрлық аудандарының арақатысы

Тынық мұхит Солтүстік және Оңтүстік Американың батыс жағалауларынан бастап Еуразияның шығыс бөлігіне және Аустралия мен Антарктидаға дейінгі аумақты алып жатыр.

Тынық мұхитта бүкіл Дүниежүзілік мұхиттың ең терең жері – Мариан шұңғымасы бар, оның тереңдігі 11022 м.

Атлант мұхиты Тынық мұхиттан екі есе кіші (92 млн км²). Солтүстік және Оңтүстік Американың шығысынан бастап Еуразия мен Африканың батысына және Антарктидаға дейін барады.

Ол солтүстік полярлық аймақтан оңтүстік полярлық аймаққа дейін созылып кетеді. Атлант мұхиты арқылы батыс және шығыс жарты шарда орналасқан елдерді бір - бірімен жалғастыратын аса маңызды кеме жолдары өтеді. Мұхиттың өн бойы кеме қатынасына игерілген.

Үнді мұхиты оңтүстік жарты шардың едәуір бөлігін алып жатыр (75 млн км²). Бұл – ең жылы мұхит (жарты шарлар картасынан Үнді мұхитының қандай материктердің аралығында жатқанын анықтаңдар). Үнді мұхиты суының таза, көгілдірлігімен де ерекше көзге түседі. Өйткені оның оңтүстік бөлігіне құятын өзен аз.

Солтүстік Мұзды мұхит – мұхиттардың ішіндегі ең шағыны (14 млн км²). Ол Солтүстік Америка және Еуразия жағалауларымен шектеледі. Оның көпшілік бөлігін жыл бойы мұз басып жатады. Солтүстік Мұзды мұхиттың тағы бір ерекшелігі – ол басқа мұхиттарға қарағанда тайыз болып келеді. Материктердің шеті мұхит түбіне өтетін жерінде тереңдік 200 м - ден аспайды. Ол әсіресе Еуразия жағалауында жалпақ өңір құрайды. Мұхитта ірі аралдар көп.

2. Мұхит бөліктері. Мұхит бөліктеріне теңіздер, шығанақтар, бұғаздар жатады.

Теңіз – мұхиттың суының қасиеті мен жануарлар дүниесі жөнінен оқшауланып тұратын бөлігі. Теңіздер көбінесе құрлық жағалауында болады, бірақ кейде ашық мұхитта да кездеседі (мысалы, Саргасс теңізі, Фиджи теңізі). Әдетте, теңізді мұхиттан түбектер, аралдар немесе су астындағы жоталар бөліп тұрады.

Материкке сұғына еніп жататын теңіздерді ішкі теңіздер деп атайды (мысалы, Қара теңіз, Жерорта теңізі. Олар қай мұхиттың бөліктері болып табылады?). Материктердің маңында орналасқан теңіздерді шеткі теңіздер дейді. Шеткі теңіздерге – Еуразия жағалауындағы Баренц, Кара, Лаптевтер, Жапон, Охота, Шығыс Қытай және т. б. теңіздер жатады.

Шығанақ – мұхиттың немесе теңіздің құрлыққа сұғына еніп жатқан шағын бөлігі. Атлант мұхиты Солтүстік Америка жағалауындағы Гудзон, Мексика шығанақтарын, ал Үнді мұхиты Еуразияның оңтүстігіндегі Парсы шығанағын құрайды.

Дүниежүзілік мұхиттың бөліктері бір - бірімен **бұғаздар** арқылы жалғасады. Бұғаз – екі жағынан материктердің немесе аралдардың жағалары қысып шектеп тұрған еңсіз су айдыны. Бұғаздардың ені әр түрлі. Ені ең кең (950 км) және терең (5248 м) бұғаз – Дрейк бұғазы; ал ең ұзыны (1670 км) – Мозамбик бұғазы.

Ішкі теңіздер (Жерорта, Қара)
 Теңіздер (Саргасс, Фиджи)
 Шеткі теңіздер (Баренц, Кар, Охот, Жапон)

Мұхит бөліктері
 Шығанақ (Гудзон, Мексика, Парсы)
 Бұғаздар (Дрейк, Мозамби)

Жаңа тақырыпты Жигсо әдісі арқылы тақырыпты бөліктерге бөліп, оқуға тапсырма береді. Топтағы бір нөмірлі балалар бір мысалды қарастырып, бірге отырып талқылап, өз топтарына келіп түсіндіреді. **Географиялық диктант беріледі. Екі топқа бірдей тапсырма:**

1. Жер бетін жайлаған су..... құрайды? (дүниежүзілік мұхитты)
2. Дүниежүзілік мұхит..... бөліктен тұрады?
3. Жер шарындағы ең терең мұхитқа..... мұхитын жатқызамыз.
4. Дүниежүзілік мұхиттың үлесіне бүкіл жер бетінің $\frac{3}{4}$ бөлігі немесе..... млн км² тиеді.
5. Құрлықтың барлық жағынан су қоршаған шағын бөлігі..... деп аталады.
6. Құрлықтың су кеңістігіне терең сұғынап кіріп тұрған бөлігін..... деп атайды.
- 7..... – мұхиттың суының қасиеті мен жануарлар дүниесі жөнінен оқшауланып тұрған бөлігі.
8. Дүниежүзілік мұхиттың бөліктері бір – бірімен..... арқылы жалғасады.
9. Дүниежүзілік мұхиттың ең терең жері - шұңғымасын айтамыз.
10. Көлемі жағынан ең шағын мұхит.....

2-тапсырма Кескін картаға «Мұхиттарды, ішкі сыртқы теңіздер мен Шығанақ, Бұғаздарды белгілеу.

Көлдердің қай материкте орналасқанын табу.

Көл атауы	Материк
Байкал	
Балқаш	
Каспий	
Эйр	
Чад	
Жоғарғы	
Титикака	
Виктория	
Гурон	

2-тапсырма: Картамен жұмыс: Гималай тауы мен Тянь-Шань тауларының мұздақтарын салыстырып дәптерге жазу.

Сергіту сәті 2 минут	«Қыдырып қайтайық!» би билеу	Білім алушылар би билеп сергіп қалады.
Аяқталуы Сабақты бекіту 10 минут	- Қорытынды ретінде кластер толтырайық Синквейн 7-8-сыныптар: «Мұхит» «Теңіз» сөздері бойынша. 1. Зат есім 2. Екі сын есім 3. Үш етістік 4. Төрт сөзден сөйлем 5. Синоним, ассоциация V. Үйге тапсырма: 7-сынып § 25. 8-сынып § 22 Кескін картамен жұмыс.	Кестені толтыру
Бағалау 5 минут Кері байланыс 3 минут	«Білім қоржыны» кері байланыс <i>Білім қоржыны</i> 	Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, қоржындарға жабыстырады.
Қосымша ақпарат		
Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары Білім алушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау - білім алушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс
Рефлексия Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін білім алушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.	
Қорытынды бағамдау		

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1:

2:

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1:

2:

Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген білім алушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?

Білім беру ұйымының атауы	Ә.Молдағұлова атындағы негізгі мектебі	
Пәні:	Дүниежүзі тарихы	
Бөлім:	XIX ғасырдағы империялар және олардың бақталастығы	
Педагогтің аты-жөні:	Джумаева Сандугаш Маратовна	
Күні:	04.05.2022	
Сынып: 7-8	Қатысушылар саны: 6	Қатыспағандар саны:0
Сабақтың тақырыбы:	Ресей мен Британия Иранға ықпал ету үшін неге бақталас болды? 7-сынып «Танака меморандумы» қаншалықты қауіпті болды? 8-сынып	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	7.3.2.2 XVIII-XIX ғасырдың ортасындағы халықаралық қатынастардағы өзгерістерді сипаттау; 7.4.2.1 түрлі мемлекеттердің өнеркәсіптік даму сатысына өту процесінің ерекшеліктерін салыстыру 8.1.2.1 қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге реакцияшыл идеялогиялардың (фашизм, тоталитаризм, нәсілшілдік, шовинизм, ұлтшылдық) таралу ықпалын талдау; 8.3.1.2 тоталитаризм, әміршіл-әкімшіл жүйе сияқты саяси режимдердің қалыптасу алғышарттары мен тарихын түсіндіру; 8.4.1.5 1930 жылдардағы құрылымдық экономикалық дағдарыстың нәтижесінде экономикада орын алған өзгерістерді анықтау	
Сабақтың мақсаты	- XIX ғасырдың ортасындағы Ұлыбритания, Ресей және Иранның жағдайын зерттеу; - Ресей, Ұлыбритания және Ирандағы қоғам дамуының өндірістік кезеңіне өту процесін салыстыру; - Иран мен Ресей арасындағы бәсекелестіктің себебін анықтау. Жапонияда Реакцияшыл идеялогиялардың таралу ықпалын талдау, тоталитаризмнің, әміршіл жүйенің тарихын түсіндіру, 1930 жылғы экономикалық өзгерістерді анықтау. 1930 жылдардағы Жапонияның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуына реакцияшыл	

		идеологиялардың және саяси режимдердің қалыптасуының әсеріне талдау жасау. Жапонияның, Германия мен Италияның саяси жүйелерінің қалыптасу алғышарттары мен таралу ықпалын салыстырып, экономикалық дағдарыстың нәтижесінде орын алғанға баға беру.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру	Амандасу . «Білім кілті» Білім алушылар бір-біріне кілтке байланысты тілек білдіреді. 	Білім алушылар өз ойларын ортаға салады. Білім алушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу	Мадақтау	Сурет белгіленген слайд.

Пәндерді оқытуда біртақырыптық сабақтардың педагогикалық мақсаттылығы сабақты тиімді ұйымдастыруға, сабақ уақытының көп бөлігін сынып білім алушыларымен әңгімелесуге, өзіндік жұмыстар ұйымдастыруға, оны басқаруға және уақытында қажетті көмек беруге мүмкіндік береді. Шағын жинақты мектептің біріктірілген сынып білім алушыларына өткізілетін сабақ құрылымының басты ерекшелігі – әрбір сабақта білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмыстары міндетті түрде болуы тиіс.

Оқу үдерісі екі жақты үдеріс болғандықтан, білім алушылардың өзіндік жұмысы міндетті түрде мұғалімнің басшылығын, сонымен жасайтын әрекетін керек етеді.

Осыған байланысты белгілі педагогтер мен психологтер білім алушылардың өзіндік жұмыстарының негізгі ерекшелігі олардың ықыласы мен өз еркімен әрекет жасауына байланысты деп санайды.

Өзіндік жұмысты ұйымдастырғанда, оқытушы білім алушылардың жеке дара ерекшелігін ескеріп, соған қарай беретін тапсырмаларды өзгертіп отырғаны жөн, орындалған жалпы жұмыстың қорытындысын, қалай қорытқанын тексеру керек.

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру үшін, мұғалім келесі үш жағдайды ескерген жөн:

1. Білім алушылардың өзіндік жұмысының мазмұнын анықтау (берілетін білім және оны міндеттері).

2. Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың жоспарын жасау, қолданылатын амал-тәсілдерді белгілеу.

3. Білім алушыларға жұмысты ойдағыдай аяқтауға бағыт беріп көмектесу (жұмыстың барысына жүйелі басшылық ету, тиісті түзетулер жасап отыру).

Мұғалімдер бір сабаққа 2-3 өзіндік жұмыс қосады. Осыған байланысты білім алушылардың бәрінде жұмыс істеу қарқыны әртүрлі екенін ескеріп, тапсырмаларды алдын ала тақтаға немесе карточкаларға жазу қажет. Осы жерде баспадан шыққан жұмыс дәптерлерінің (білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған) көмегі зор екенін айта кеткен жөн.

Өздігінен жұмыс мұғалімнің ұйымдастыруымен дидактикалық мақсаттарды орындаудағы білім алушының кез келген белсенді қызметін көрсетеді. Яғни арнайы берілген уақытта білім алушының материалды игеруі, оны түсінуі, бекітуі, білім мен білік дағдыларының дамуы мен қалыптасуы. Өздігінен жұмысты ұйымдастыру формасы: фронталды жұмыс; жеке жұмыс; топпен жұмыс.

Өздігінен жүргізілетін жұмыстың негізгі түрлері: оқулықпен, ақпарат құралдарымен жұмыс; жаттығулар; практикалық және лабораториялық жұмыстарды орындау; өзіндік, бақылау жұмыстары, диктант, шығарма; тәжірибе, бақылаулар және т.б.

Біріктірілген сыныптарда пәндерді оқытуда көбінесе біртақырыптық сабақтар өткізуге келмейтіндіктен, мұғалімнің басқаруымен білім алушылардың жұмыс уақытын арттырудың басқа мүмкіндіктерін қарастыру қажет.

Біріктірілген сыныпта осындай мүмкіндіктердің бірі – фронталды жұмыстар жүргізу. Бұл әрбір сыныпқа арналған бағдарлама материалдары ескеріліп, бір мезгілде барлық сыныптарға қатар жүргізіледі.

Мұғалімнің білім алушылардың оқу әрекетін фронталды ұйымдастыруы барлық білім алушылардың іс-әрекетінің бірлікте болуын қарастырады, яғни білім алушылардың әрқайсысы тапсырманы бірге орындайды, жұмыс бәріне ортақ, барлық сынып талқылайды, нәтижені салыстырады, жинақтайды. Бұл тәсіл білім алушылар мен мұғалім арасындағы сенімді нығайтып, ұжымдық сезімді тәрбиелейді, пікірлерді талқылауы ширайды, басқаның пікірін өзінің ой-түйіндерімен салыстырады, қателерін табуға жаттығады. Мұғалімге қойылатын басты талап білім алушылардың жақсы айтылған ой-тұжырымды дәл таба білуі, оны алдын ала болжауы, оқу жағдаятын туғызуы, сабақтың міндеттеріне жауап іздеуі; әр білім алушыны ықыласпен таңдауы, оны мәдени тұрғыда қолдауы, сонымен бірге қажетті сәттерде түзетулер енгізуі, әр білім алушының мүмкіндігіне жол ашу.

